

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТІРЛІГІ

«SDU UNIVERSITY» МЕКЕМЕСІ

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
«ҚҰҚЫҚТАНУ» КАФЕДРАСЫ

Тлеубекова Камилла Адил-Айбековна

**АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ
ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІК: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ**

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

7М04202 – «Ақпараттық технологиялар құқығы»

Қаскелең, 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТІРЛІГІ

«SDU UNIVERSITY» МЕКЕМЕСІ

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
«ҚҰҚЫҚТАНУ» КАФЕДРАСЫ

«Қорғауға жіберілді»
«Құқықтану»
кафедрасының меңгерушісі
PhD, ассистент-профессор
Қопбаев А.Б.



« 30 » жыл

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Тақырыбы: «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілік: теория және практика мәселелері»

7M04202 – «Ақпараттық технологиялар құқығы»

Орындаған

Тлеубекова К.А.

Ғылыми жетекші
PhD, қауымдастырылған
профессор

Серім Ф.Ө.

Қаскелең 2025

КҮНТІЗБЕЛІК КЕСТЕ

«Ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілік: теория және практика мәселелері» тақырыбы бойынша магистрлік диссертацияны орындау және ұсыну күнтізбелік кестесі
2-курс магистранты, «7M04202» - «Ақпараттық технологиялар құқығы» мамандығы

№	Бөлім атаулары	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Орындалуы	Ғылыми жетекшінің қолы
1	Магистрлік диссертация тақырыбын таңдау және бекіту. Жетекшіні тағайындау	02.10.2023	орындалды	<i>Ғ. Серіф</i>
2	Магистрлік диссертацияны орындау үшін тапсырмаларды алу және әзірлеу	09.10.2023	орындалды	<i>Ғ. Серіф</i>
3	Теориялық материалды таңдау және ғылыми жетекшіге ұсыну	15.11.2023	орындалды	<i>Ғ. Серіф</i>
4	Практикалық материалдарды іріктеу, теориялық және практикалық материалдарды жүйелеу және ғылыми жетекшіге ұсыну	13.12.2023	орындалды	<i>Ғ. Серіф</i>
5	Магистрлік диссертацияның/жобаның бірінші бөлімін жазу	18.01.2024 - 03.05.2024	орындалды	<i>Ғ. Серіф</i>
6	Магистрлік диссертацияның/жобаның екінші бөлімін жазу	01.09.2024 - 03.11.2024	орындалды	<i>Ғ. Серіф</i>
7	Магистрлік диссертацияны/жобаны рәсімдеу	01.04.2025	орындалды	<i>Ғ. Серіф</i>
8	Плагиаттың бар немесе жоқтығын тексеру үшін	12.05.2025	орындалды	<i>Ғ. Серіф</i>

	магистрлік диссертацияны / жобаны жіберу			
9	Магистрлік диссертацияны / жобаны норма бақылауға бағыттау	13.05.2025	орындалды	<i>Ғ. Серіф</i>
10	Магистрлік диссертацияны / жобаны алдын-ала қорғау	19.05.2025	орындалды	<i>Ғ. Серіф</i>
11	Магистрлік диссертацияның / жобаның пікір алуға жолдау	20.05.2025	орындалды	<i>Ғ. Серіф</i>
12	Магистрлік диссертацияны / жобаны кері қайтарып алу және МАК-ға қарастыруға жолдау	01.06.2025	орындалды	<i>Ғ. Серіф</i>
13	Магистрлік диссертацияны / жобаны қорғау	19.06.2025	орындалды	<i>Ғ. Серіф</i>

Тапсырманы беру күні «09» қазан 2023 ж.

«Құқық және әлеуметтік ғылымдар» PhD, ассистент-профессор
кафедрасының меңгерушісі

Копбаева А.Б

Копбаева А.Б

Ғылыми жетекші

PhD, қауымдастырылған
профессор
Серім Ғ.Ө

Серім Ғ.Ө

Тапсырманы орындауға
қабылдаған магистрант

Тлеубекова К.А

Тлеубекова К.А

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	5
1 АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ИНСТИТУТЫ.....	11
1.1 Ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің түсінігі мен ерекшеліктері.....	11
1.2 Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың құрамы: әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке тартудың құқықтық негіздері.....	19
1.3 Ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті жүзеге асыру бойынша салыстырмалы-құқықтық талдау: халықаралық үздік тәжірибе.....	28
2 АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	37
2.1 Ақпараттандыру және байланыс саласындағы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау мәселелері мен әкімшілік іс жүргізу ерекшеліктері.....	37
2.2 Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша сот практикасын талдау: құқық қолдану мәселелерін жетілдіру жолдары.....	45
ҚОРЫТЫНДЫ.....	55
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	61

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар адамның күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Ақпараттық технологиялардың дамуы ақпараттандыру және байланыс саласының дамуына, мемлекеттік қызметтерді алу мен халықаралық деңгейде ақпарат алмасу процесін жеңілдетті. Дегенмен, қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы, ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңдылықты қамтамасыз ету тұсында өзекті бола түсуде.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар үшін заңды жауапкершілік түріндегі мәжбүрлеу шарасын қолдану, құқықтық реттеуді қамтамасыз етудің негізгі аспектісі болып табылады. Ақпараттық дәуірде ақпараттандыру және байланыс қоғам өмірінің маңызды бөлігі болғандықтан, осы саладағы құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін мемлекет заңды жауапкершілік шараларын белгілейді. Бұл жеке тұлғалардың мемлекетпен кепілдендірілген құқықтары мен еркіндіктерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын заңды мүдделерін құқыққа қайшы әрекеттерден қорғауға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған.

Мемлекет тарапынан ақпараттандыру және байланыс саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, әкімшілік заңнаманы күшейту және әкімшілік-құқықтық жауапкершілік шектерін қатаңдату бағытында шаралар қабылданғанына қарамастан, құқық бұзушылықтардың саны азаймағандығы байқалады. Сот практикасы көрсеткендей, елімізде байланыс қызметтерінің сапасының төмендігі, кең жолақты интернетке тең қолжетімділіктің болмауы, байланыс операторларының жедел-іздістіру және қарсы барлау іс-шараларын техникалық қамтамасыз етпеуі, дербес деректерді өңдеу талаптарын бұзуы, радиожилілік спектрін бір жыл бойы пайдаланбауы, байланыс қызметін рұқсат етілген елді мекендерде ұсынбауы және байланыс сапасына сәйкес келмейтін қызмет көрсетуі сияқты әкімшілік құқық бұзушылықтар кеңінен таралғаны анықталды.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының «Qamqor» Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті 2024 жылдың 12 айы бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы жариялаған статистикасына сәйкес, ел аумағында 15 130 010 әкімшілік құқық бұзушылық дерегі тіркеліп, 2023 жылмен салыстырғанда 37,8 %-ға артқан (10 980 530). Әкімшілік жауапкершілікке 14 653 448 тұлға тартылып, 14 653 448 әкімшілік жаза қолданылған.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (бұдан әрі-ҚР ЦДИАӨМ) жинағының 2024 жылдың 12 айы бойынша «Уәкілетті органдармен әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау нәтижелері туралы» №1-ӨІ нысанды статистикалық есебінің дерегіне сәйкес, ҚР ӘҚБтК 31-тарауы «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар» бойынша 413 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелген.

Жоғарыда келтірілген статистикалық мәліметтер әкімшілік құқық бұзушылықтардың, оның ішінде ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың саны жыл сайын артып келе жатқанын көрсетеді. Бұл жағдай тиісті деңгейде әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын қарастыру қажеттігін айқындайды. Аталған саладағы құқық бұзушылықтардың алдын алу маңызды, себебі олардың әсері азаматтардың сапалы байланыс қызметтерін алу құқықтарының бұзылуына, ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіруіне және елдің экономикалық мүдделерінің дамуына кедергі келтіруіне байланысты. Осыған байланысты ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар үшін жиі қолданылатын әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке, оның ерекшеліктері мен құқықтық тетіктеріне ерекше назар аудару қажет.

Ақпараттық құқық еліміз үшін жаңадан дамып келе жатқан құқық саласы болғандықтан, отандық теорияда зерттеу жұмыстары аз әрі ақпараттық құқық ақпараттандыру және байланыс саласымен тығыз байланысты. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК) 31-тарауындағы 636-641 баптарымен реттелген және әкімшілік-құқықтық жауапкершілік қарастырылған.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілік мәселелерін отандық және шетелдік ғалымдар зерттеген. Дегенмен, отандық ғылымда ақпараттық құқық бойынша ғалымдардың еңбегінің аз болуы, еліміз үшін салыстырмалы түрде жаңа құқық саласы болуына байланысты, сонымен қатар ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың ерекшеліктері, оларды анықтау мен сот практикасы тұрғысынан жеткілікті зерттелмеген болып отыр. Бұл теория мен практикада бірқатар мәселелердің бар екенін, яғни әкімшілік-құқықтық жауапкершілік институт тұрғысынан, ақпараттандыру және байланыс саласындағы нормативтік-құқықтық база тұсынан құқықтық талдау жүргізуді, құқық қолдану, сот практикасындағы олқылықтарды анықтауды және халықаралық тәжірибе негізінде заңнаманы жетілдіру қажет екенін көрсетіп отыр.

Диссертациялық зерттеу объектісі - ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті қамтамасыз етуге байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің пәні - ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік-құқықтық жауапкершілік институты болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты - ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілік институтын құқықтық реттеу мен құқық қолдану практикасының теориялық, практикалық аспектілері тұрғысынан талдау және заңнаманы жетілдіру бойынша жаңа ұсыныстар дайындау болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің міндеттері:

- Ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің түсінігі мен ерекшеліктерін анықтау;

- Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың құрамын, әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке тартудың құқықтық негіздерін қарастыру;

- Ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті жүзеге асырудағы халықаралық үздік тәжірибені салыстырмалы-құқықтық талдау;

- Ақпараттандыру және байланыс саласындағы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау мәселелері мен әкімшілік іс жүргізу ерекшеліктеріне тоқталу;

- Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша сот практикасын талдау мен құқық қолдану мәселелерін жетілдіру жолдарын ұсыну болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің методологиялық негізін - талдау, синтез, индукция, дедукция сияқты жалпы ғылыми әдістер, формальды-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, жүйелік талдау сияқты құқықтық талдаудың арнайы әдістерін және сот практикасын, шетел мемлекеттерінің заңдарын, халықаралық ұйымдардың есептері мен зерттеулерін талдауға негізделген эмпирикалық әдістер құрады. Аталған әдістер Қазақстан Республикасындағы ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті тереңірек зерттеу мен заңнаманы жетілдіру бойынша ұсынымдар дайындауға мүмкіндік берді.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының ғылыми зерттеу деңгейін - әкімшілік жауапкершілік институтының мазмұнын зерттеген әкімшілік құқық бойынша отандық және шетелдік Д.А.Оспанова, Д.О.Кусаинов; Р.А.Подопригора; Л.С.Дубовицкая; Г.Т.Байсалова; Б.А.Жетписбаев, А.К.Жанибеков, Д.О. Кусаинов; А.В.Мелехин; А.С.Телегин; Д.Н.Бахрах, Б.В.Российский, Ю.Н.Старилов сынды ғалымдардың еңбектері құрады. Әкімшілік құқық бойынша ғылыми әдебиеттерден бөлек, ақпараттық құқық саласындағы ғалымдардың еңбектері қарастырылды. Отандық авторлардан атап айтқанда, А.И.Алдабергенова мен А. Е.Жатқанбаеваның еңбектері қолданылады.

Ақпараттық құқық саласындағы шетелдік ғалымдардың, атап айтқанда В.В.Блажеев, М.А.Егорова; И.Л.Бачило, М.А.Федотова, В.Н.Лопатин; Н.Н.Ковалева; М.В.Алексеева; Р.В.Амелиннің, В.В.Кафтан; А.К.Костылев; С.А.Комаров, Е.В. Мицкая; О. А. Городовтың еңбектері қарастырылады. Осы саладағы ғылыми мақалалардан: Г.Т.Байсалова; Е.В. Безручко, Б.Г.Рысай; Ш.Р.Муслимов; Л. С. Михайлова; Д. В. Иванов; Симаков А. В; Дубень А.К; В.Грищук, О.Грищук, И.Франко, Н.Федина, В.Панасюк, О.Батюк сынды зерттеушілердің еңбектері қарастырылды. Әкімшілік-құқықтық жауапкершілік институты теориялық тұрғыдан жан-жақты зерттеліп жатқанымен, ақпараттандыру және байланыс саласында тиімді жүзеге асырылып жатқан жоқ. Сәйкесінше, зерттеліп отырған саладағы тиімді құқықтық тәртіпті қалыптастыруда әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті теориялық және практикалық тұрғыдан және ақпараттық құқықты толықтай зерттеу өзекті болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің нормативтік базасын - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі, 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ Ақпараттандыру туралы Заңы, 2004 жылғы 5 шілдедегі № 567 Байланыс туралы Заңы, 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370 Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Заңы, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 9 сәуірдегі Пошта туралы Заңы, министрліктердің бұйрықтары сонымен қатар шетел мемлекеттерінің ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңдары құрады.

Диссертациялық зерттеудің эмпирикалық негізін - ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша еліміздің аумағында 2020-2024 жылдар аралығындағы қаралған ҚР ӘҚБтК 31-тарауы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы 53-әкімшілік құқық бұзушылық істері, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының «Qamqor» Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша статистикасы, ҚР ЦДИАӨМ жинағының 2024 жылдың 12 айы бойынша «Уәкілетті органдармен әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау нәтижелері туралы» №1-ӘІ нысанды статистикалық деректері, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне ғылыми-практикалық түсініктеме, 2020 жылы әлем елдеріндегі ақпараттық кеңістікті реттеудің құқық қолдану мониторингі туралы есеп, мемлекеттік орган және оның аумақтық органдары жүргізген тексерулердің нәтижелері, Global Cybersecurity Index (2020), фактілер бойынша киберқауіпсіздік: Қазақстандағы киберқылмыс және кибер тыңшылық (2023), ҚР ЦДИАӨМ 2023 жылғы Киберқауіпсіздік мәселелері, ұсыныстары, Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы қаңтар-сәуірдегі байланыс статистикасын дамыту ақпараты, ТМД елдеріндегі 2023-2024 жылдардағы өзекті киберқауіптер зерттеуі, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының «Қазақстандағы бизнесті цифрлық трансформациялау үшін негіздемелік жағдайларды жақсарту» баяндамасы, Халықаралық электр байланысы одағының «Қазақстан: ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, цифрлық тұрақтылықты, саясат және реттеу шараларын бағалау» есебі, шетел мемлекеттерінің заңдары және бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттары құрады.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы - ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікті теория мен практикадағы, халықаралық тәжірибедегі жаңа өзгерістерді ескере отырып, кешенді талдау мен ұсыныстар жасадан тұрады.

Ақпараттандыру және байланыс саласы еліміз үшін жаңа әрі отандық зерттеулер аз ақпараттық құқық саласымен тығыз байланысты болғандықтан, «ақпараттық қоғам», «ақпараттық құқық», «ақпараттық құқық бұзушылықтар» ұғымдарына авторлық анықтамалар мен тұжырымдар ұсынылды. ӘҚБтК ғылыми-практикалық түсініктемесіне сәйкес, құқық бұзушылық құрамдары талданып, ӘҚБтК-нің 637-бабы бойынша баптарға талдап жасалып, құқық бұзушылық құрамдарын топтастыру мен түсініктер ұсынылды. Шетел және

халықаралық ұйымдардың тәжірибелері мен зерттеулерін талдау арқылы ҚР Байланыс және Ақпараттандыру туралы заңдарына жаңа нормалар ұсынылды. Зерттеуде құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жаза шараларының тиімділігіне талдау жасалып, жетілдіру бойынша ұсыныстар қарастырылды. Құқық бұзушылықтың құрамы мен сот практикасына талдау жасау арқылы субъектілік құрамға өзгерістер енгізу мен байланыс саласындағы халықаралық ұйымдардың ұсынымы негізінде маңызды конвенцияға қосылу, ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнамаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы Жоғарғы Соттың қаулысын шығару маңыздылығы ұсынылды.

Диссертациялық зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы - әкімшілік және ақпараттық құқық саласындағы құқықтық доктринаны дамыту болып табылады. Отандық және шетелдік авторлардың ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілік институтына қатысты әртүрлі пікірлеріне талдап жасалып, ақпараттық және әкімшілік құқықтың теориялық бөлігін дамыту мақсатында жаңа авторлық анықтамалар тұжырымдар ұсынылды.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы - зерттеу барысында әзірленген ұсыныстар ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік-құқықтық жауапкершілік шараларын жетілдіруге бағытталған. Зерттеу барысында ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың құрамын қайта қарастыру бойынша ұсыныстар дайындалады. Еліміздің ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңдарына толықтырулар бойынша жаңа нормалар және ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 31-тарауындағы құқық бұзушылық құрамдарын жетілдіру бойынша талдау мен әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қайта қарастыру бойынша ұсыныстар берілді. Зерттеу нәтижесі уәкілетті органдар мен сот практикасында қолдануға болатын заңнама мен құқық қолдану практикасын жетілдіруге бағытталған.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге енгізу. Диссертацияны жазу барысында зерттеудің нәтижелері ғылыми журналдардың жарияланымдарында, ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланды. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің түсінігі мен ерекшеліктері ғылыми мақаласы SDU Bulletin: Social Sciences 2023/4 (64) жарық көрді. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті жүзеге асырудағы салыстырмалы- құқықтық талдау: шетелдік үздік тәжірибе ғылыми мақаласы «Research Retrieval and Academic Letters» (March 21-22, 2024). Warsaw, Poland 5-ші Халықаралық ғылыми конференциясында жарияланды.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы - кіріспеден, бес бөлімді біріктіретін екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттердің тізімінен тұрады.

Диссертациялық зерттеудің бірінші тарауында ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік-құқықтық

жауапкершіліктің түсінігі мен ерекшеліктері, әкімшілік құқық бұзушылықтардың құрамы, әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке тартудың құқықтық негіздері және халықаралық үздік тәжірибеге салыстырмалы-құқықтық талдау қарастырылды. Тарауда ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің негізгі аспектілеріне талдау жасалып, әкімшілік жаза бөлігін жетілдіру бойынша ұсыныстар, ӘҚБтК 31-тарауындағы құқық бұзушылықтардың құрамы бойынша құқықтық талдау жасалып, құқық бұзушылықтардың құрамына жаңа түсініктер және құқық бұзушылық құрамдарын қайта топтастыру бойынша ұсыныстар берілді. Сонымен қатар, ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті жетілдіру үшін халықаралық үздік тәжірибеге салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізіліп, ақпараттандыру және байланыс саласын реттейтін құқықтық нормаларға, яғни ҚР Ақпараттандыру және Байланыс саласындағы заңдарына жаңа нормалар ұсынылып, әкімшілік-құқықтық жауапкершілік шараларын қайта қарастыру мен әкімшілік жаза бөліктеріне жаңа тәжірибелер қарастырылды.

Диссертациялық зерттеудің екінші тарауында ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау мәселелері мен әкімшілік іс жүргізудің ерекшеліктері, әкімшілік істер бойынша сот практикасына құқықтық талдау қарастырылды. Тарауда ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау мәселелері мен әкімшілік іс жүргізудің ерекшеліктері қарастырыла отырып, уәкілетті органдың құзыреті, статистикалық деректеріне талдау және аталған саладағы құқық бұзушылықтарды анықтау мен іс жүргізудің ерекшеліктері қамтылды. Өз кезегінде сот практикасына талдау жүргізіліп, соттардың ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық қолдану практикасындағы мәселелерін анықтауға мүмкіндік берді.

1 Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік-құқықтық жауапкершілік институты

1.1 Ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің түсінігі мен ерекшеліктері

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы кезеңінде ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік-құқықтық жауапкершілік ерекше маңызға ие. Әкімшілік-құқықтық жауапкершілік құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік мәжбүрлеу шараларын құқық бұзушы субъектілерге қолдануда көрініс табатын заңды жауапкершіліктің бір түрі.

Қоғамның түрлі салаларында ақпараттандыру мен байланыстың дамуы, ақпараттық қоғамның іргетасын қалайды. Соңғы он жылдықта елімізде ақпараттық технологияларды дамыту арқылы цифрландыру бағытында белсенді қадамдар жасалды. Бұл бағытта мемлекеттік деңгейде жасалып жатқан шаралар ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытып қана қоймай, өз кезегінде ақпараттық қоғамның қалыптасуына негіз болып отыр.

«Ақпараттық қоғам» ұғымын алғаш рет ХХ ғасырдың 60-шы жылдары Ю.Хаяши, Т.Умесао және Ф.Махлуп сынды Жапония мен Америка Құрама Штаттарының зерттеушілері енгізген [1, 40 б]. Ақпараттық қоғам ұғымының мәні мен мазмұнына қатысты ғалымдардың пікірі екіге бөлінеді. Бұл туралы бұған дейінгі ғылыми мақалада отандық автор А.И.Алдабергенова мен шетелдік авторлар В.В.Блажеев, М.А.Егорованың тұжырымдарына талдау жасалған болатын. Осыған сәйкес, авторлар бұл ұғымды қазіргі заманғы технологиялық даму жағдайында ақпараттың адам өміріндегі маңызының артуымен байланыстырған болса, кей авторлар ақпараттық қоғамды ақпаратқа қолжетімділік азаматтардың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін қоғам түрі ретінде түсіндірген. [2, 76 б]

Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттердің 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған ақпараттық қоғамды құру мен дамытудағы ынтымақтастық стратегиясында, ақпараттық қоғам - бұл әлеуметтік өмірдің экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани салаларында ақпараттық және коммуникациялық технологиялар қарқынды дамып, қолданылатын қоғам [3, 5 б]. А.К.Костылев ақпараттық қоғамды қалыптастырудың негізгі тетіктерінің бірі қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдана отырып, ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және пайдалану негізінде ақпараттық қажеттіліктерді қанағаттандыру және азаматтардың, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің құқықтарын іске асыру үшін оңтайлы жағдайлар жасаудың ұйымдастырушылық әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық процесі ақпараттандыру болып табылатынын айтқан [4, 23 б]. И.Л. Бачило, В.Н. Лопатин, М.А. Федотов ақпараттық қоғамның төмендегідей негізгі белгілерін ажыратып көрсеткен:

- 1) дәстүрлі нақты нарықтармен қатар ақпараттық және технологиялық

нарықты қалыптастыру, ақпараттық ресурстарды мемлекеттің нақты ресурстарына аудару;

2) ақпараттық тұрғыдан неғұрлым дамыған елдердің экономикасын өндірістік емес секторды барынша пайдалануға қайта бағдарлау;

3) сенімді және салыстырмалы түрде арзан дербес компьютерлердің кең таралуы, оларға қосымша бағдарламалық қамтамасыз ету, нақты уақыт режимінде әртүрлі типтегі хабарламалардың үлкен ауқымын жіберуге мүмкіндік беретін қуатты, тармақталған, жоғары сенімді және кең қол жетімді байланыс желісінің болуы;

4) қоғамдық және жеке пайдалануға қол жетімді ақпараттық ресурстар мен қызметтерді бірнеше есе көбейту. [5, 39-40 б]

Тұжырымдардың негізінде, «ақпараттық қоғам» түсінігіне авторлық тұжырым жасайтын болсақ, ақпараттық технологиялардың көмегімен ақпарат таратуда, тауарлар мен қызметтерді өндіруде, сондай-ақ қоғамдық қатынастар мен өзара әрекеттесуді қалыптастыруда, әлеуметтік-мәдени және экономикалық үдерістерді ақпараттандыруды ақпараттық қоғам ретінде түсіндіруге болады. [2, 76 б]

Қазіргі таңда ақпараттық құқықтың құқық жүйесіндегі орны артып келеді. Бұл мәселе бойынша бұған дейінгі ғылыми мақаламда талдау жасалып, А.И.Алдабергенова, А.Е.Жатқанбаева, И.Л.Бачило, В.Н.Лопатин, М.А.Федотов, Н.Н.Ковалева сынды ғалымдардың пікірлері негізінде, ақпараттық құқық ұғымына авторлық көзқарас ұсынылған болатын [2, 76-77 б]. Отандық автор А.И.Алдабергенова ақпараттық құқықты ақпаратты іздеу, алу, беру, өндіру және таратуға қатысты қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық сала ретінде қарастырған [6, 15 б]. А.Е.Жатқанбаева болса, ақпаратпен және оның өнімдерімен байланысты қоғамдық қатынастарды заң тұрғысынан реттейтін нормалар жүйесі деп қарастырған [7, 21 б]. Шетелдік ғалымдар И.Л.Бачило, В.Н.Лопатин және М.А.Федотов ақпараттық құқықтың негізгі мақсаты - азаматтар мен ұйымдардың ақпараттық қажеттіліктерін мемлекет қорғауында қамтамасыз ету деп түсіндірген [5, 77–78 б]. Н.Н.Ковалева болса ақпаратты өндіру, қайта құру және пайдалану салаларында мемлекет қорғауындағы құқықтық қағидалар жүйесі деген түсіндірме берген [8, 22 б]. М.А.Федотова ақпараттық құқық - ақпарат айналымы және ақпараттық технологияларды қолдану процесінде (ақпаратты іздеу, алу, беру, өндіру және тарату құқығын жүзеге асыру кезінде), сондай-ақ ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету кезінде (ақпараттық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету және ақпараттық тәртіпті құқықтық қорғау процесінде) ақпараттық салада туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. [9, 17 б]

Ақпараттық құқық саласын зерттеген ғалымдардың анықтамалары ұқсас болса да, олардың әрқайсысының талдауы ерекшеленеді. Осы мәселеге қатысты ғылыми мақаламда авторлардың пікірлері тұжырымдалып, ақпараттық құқық ұғымына авторлық түсінік берілген, онда ақпараттық құқық - ақпаратты әртүрлі нысандарда құруды, жинауды, сақтауды, беруді және пайдалануды реттейтін және жеке құқықтар мен қоғамдық мүдделерді қорғауды қарастыратын, құқық

пен ақпараттың және технологияның күрделі байланысын қарастыратын ережелерді қамтитын құқықтың көп салалы саласы болып табылады. [2, 77 б]

И.Л.Бачило ақпараттық құқық пәні - ақпарат айналымын құқықтық реттеу, ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және пайдалану, ақпараттандыру процестерін қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді құру және пайдалану, пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, сондай-ақ осы саладағы қатынастардың барлық қатысушыларының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты қоғамдық қатынастардан тұрады деген тұжырым жасаған [5, 151 б]. Н.Н.Ковалева болса, ақпараттық ресурстарды құрумен, ресімдеумен, сақтаумен және өңдеумен, таратумен, пайдаланумен байланысты қоғамдық қатынастардың бөлігі, ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және басқару саласындағы дамумен, байланыс жүйелері мен желілерінде ақпаратпен және оны беру технологияларымен жаңа технологиялық жұмыстарды дамытумен және пайдаланумен, қамтамасыз ету жөніндегі шараларды белгілеумен байланысты ақпараттық салалардағы қауіпсіздік және аталған салалардағы заңды жауапкершілікті қамтиды деген түйіндеме жасаған [8, 21 б]. Осы тұста ақпараттық құқық саласының басқа құқық салаларынан өзінің пәнімен ерекшеленетінін атап өту маңызды. А.И.Алдабергенова келесідей жіктеген:

1) ақпаратта оның көріну нысандарының алуан түрлілігі және осы негізде қалыптастырылатын ақпараттық ресурстар кезінде;

2) ақпаратпен жұмыс істеу құралдары мен технологиялары (ақпараттық технологиясы);

3) байланыс желілері бойынша ақпарат беру құралдары мен технологиялары. [6, 16 б]

Жалпы алғанда ақпараттық құқықтың пәні ақпараттандыру процесін, яғни ақпараттық ресурстарды қалыптастыру мен пайдалану негізінде, сонымен қатар ақпараттық қажеттіліктерді қанағаттандыру және субъектілердің құқықтарын іске асыру үшін әлеуметтік-экономикалық және құқықтық-техникалық жағдайды қалыптастыруды ұсынады.

Ақпараттық қоғамды қалыптастыру мен дамытуда ақпараттандыру мен байланыс ұғымдары тығыз байланысты. Бұл ұғымдар қазіргі заманғы құқықтық жүйеде қоғамдағы ақпараттық қатынастарды реттеу үшін құқықтық негіз қалыптастырады. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы Ақпараттандыру туралы заңының (бұдан әрі-ҚР Ақпараттандыру туралы заңы) 1-бабының 2 тармағына сәйкес, «ақпараттандыру» - ақпараттандыру субъектілерінің қызметін автоматтандыруға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық процесс [10]. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Байланыс туралы заңының (бұдан әрі-ҚР Байланыс туралы заңы) 2-бабының 10 тармақшасына сәйкес, «байланыс» - ақпаратты, пошта және арнаулы жөнелтілімдерді, пошталық ақша аударымдарын қабылдау, жинау, өңдеу, жинақтау, беру (тасымалдау), жеткізу, тарату дегенді білдіреді. [11]

Ақпараттандыру және байланыс саласының пайдалы тұстарының болуына қарамастан, ақпараттық-құқықтық сауаттылықтың жеткіліксіздігі, ақпараттық технологияға тәуелділік, әлеуметтік-мәдени мәселелер дербес деректердің

қауіпсіздігіне және ақпарат алмасуға қауіп төндіріп, құқық бұзушылықтың артуына жағдай жасап отыр.

Қазіргі таңда ақпараттық саладағы құқық бұзушылықтар дамып келеді. Ақпараттық құқық бұзушылықтар - бұл ақпараттық кеңістікте коммуникациялық құралдар мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы деликттік жасқа толған тұлға немесе тұлғалар тарапынан жасалған, қоғамға зиян келтіретін, құқыққа қарсы және кінәлі әрекеттер болып табылады [12, 43 б]. Отандық авторлар «ақпараттық саладағы құқық бұзушылықтар» бойынша еңбектерінде анықтама ұсынбаған. Осыған орай, авторлық анықтама ұсынатын болсақ, «ақпараттық құқық бұзушылық» - ақпараттандыру, ақпаратты қорғау, ақпараттық технологиялар мен ресурстарды пайдалану саласындағы қатынастарды реттейтін және мемлекеттің, қоғамның немесе жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне зиян келтіретін заңнамада белгіленген нормаларды бұзатын әрекет немесе әрекетсіздік, деп сипаттауға болады.

Әкімшілік және ақпараттық құқық ақпаратты қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу мен құқықтық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету тұсында тығыз байланысты. Ақпараттық құқық бұзушылық құрамының: объект, объективті жақ, субъект және субъективті жақтан тұратын төрт міндетті белгісі бар. О.А.Городов ақпараттық құқықтық қатынастардың объектілері ретінде ақпарат, құжатталған ақпарат және ақпараттық жүйелер түрінде көрініс табатын игіліктер қарастырылады деген түсінік берген [13, 54 б]. Р.В.Амелин, С.А.Куликова, С.Е.Чанов объективті жағын-ақпараттық құқықтарды бұзу немесе ақпаратқа заңсыз қол сұғу процесінің сыртқы көрінісі [14, 97 б]. Ақпараттық құқық бұзушылықтың субъектісі негізгі маңызға ие, өйткені оның әрекеті немесе әрекетсіздігі ақпараттық технологиялардың қауіпсіздігіне, ақпараттық ресурстардың қорғалуына және ақпараттық қоғамның тұрақты қызметіне зиян келтіріп, нәтижесінде құқық бұзушылықтың туындауына себеп болады. Ақпараттық құқықтық қатынастардың қатысушыларына – ақпараттық құқық субъектілері жатады. Оларға ақпараттық заңнамада көзделген құқықтар мен міндеттердің иесі болып табылатын жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ жария-құқықтық құрылымдар кіреді. [13, 51–52 б]

Ақпараттық құқық бұзушылықтар тек құқық бұзушының әрекеті немесе әрекетсіздігі негізінде ғана емес, сонымен қатар ақпаратқа қол жеткізу саласын реттейтін заңнамада белгіленген құқықтық мүмкіндіктер, шектеу қойылған талаптар мен реттеуші нормалардың өзара байланысы мен тиімді үйлесімділігіне қарай да айқындалады. Бұл құқық бұзушылықтардың мәнін тереңірек түсінуге және олардың алдын алу тетіктерін ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді. Ақпараттық құқық бұзушылықтарды құқықтық қатынастарды реттейтін құқық салаларының ерекшеліктеріне сәйкес саралауға болады. Осыған байланысты ғылыми және практикалық тұрғыдан алғанда, ақпараттық құқық бұзушылықтарды әкімшілік, азаматтық-құқықтық, тәртіптік және қылмыстық сипаттағы құқық бұзушылықтар түрінде жіктеу орынды болып табылады.

Әртүрлі қоғамдық салаларда ақпараттық технологиялар мен ақпараттандыру кеңінен қолданылатындықтан, бұл бағыттағы құқық бұзушылықтардың сипатын айқындап, олардың ерекшеліктерін зерделеу өзекті

мәселе болып табылады. ҚР Ақпараттандыру туралы заңының 65-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады [10]. Осындай ереже ҚР Байланыс туралы заңының 41-бабында көрсетілген. Дегенмен, заңда заңды жауапкершіліктің нақты қандай түрлері бойынша туындайтыны көрсетілмегенімен, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі (бұдан әрі – ҚР ҚК) мен ҚР ӘҚБТК ақпараттандыру және байланыс саласы бойынша жауаптылық қарастырылған. Сонымен қатар мүліктік сипаттағы теріс салдар орын алған жағдайда, азаматтық-құқықтық жауапкершілік зиянды өтеу немесе тұрақсыздық айыбын төлеу түрінде жүзеге асырылады.

Ақпараттандыру және байланыс саласында ақпаратты, ақпараттық технологияларды және байланысты басқаруға байланысты заңды жауапкершілікті қолданудың бірқатар ерекшеліктері бар. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік мүліктік сипаты бар, яғни залалдарды өндіріп алу және моральдық зиянды өтеу бойынша мәжбүрлеу шаралары кешенін құрайды. О.А. Городов ақпараттық саладағы құқық бұзушылықтар үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік шарттық және шарттан тыс болып бөлінетінін көрсеткен. Шарттық жауапкершілік қолданыстағы заңнама нормаларымен тікелей қамтамасыз етілмеген санкциялар көзделген шарттың талаптары бұзылған кезде туындайды, ал шарттан тыс жауапкершілік жәбірленушінің жеке басына немесе оның мүлкіне зиян келтірілген кезде туындайды. О.А.Городов құқықтық доктринада мүліктік саладағы құқық бұзушылықтың құрамы бар және олар келесі фактілерді құрайтынын көрсеткен:

- 1) жауапкершілік жүктелуі тиіс адамның мінез-құлқының (іс-әрекетінің немесе әрекетсіздігінің) заңсыздығы;
- 2) шығынның немесе зиянның, оның ішінде моральдық зиянның болуы;
- 3) құқық бұзушының мінез-құлқының құқыққа қайшы сипаты мен залал немесе зиян түрінде туындаған салдарлар арасында себептік байланыстың болуы;
- 4) құқық бұзушының кінәсінің болуы. [13, 286-287 б]

Еліміздің Азаматтық кодексінде осыған қатысты арнайы тараудың болмауына қарамастан, қызметтік және коммерциялық құпия мен ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланудан қорғау түріндегі ақпаратқа байланысты нормаларды қамтиды. О.А.Городов коммерциялық құпия режиміндегі ақпарат иесінің шығындарын бағалай отырып, бәсекелестерге, өнімді тұтынушыларға, келісімшарттар бойынша контрагенттерге ақпараттың белгісіздігі, ақпаратты мүдделі тұлғаларға сату арқылы пайдалану мүмкіндігі, нарық жағдайына әсері сияқты факторларды ескеру қажет екендігін көрсеткен. [13, 286-287 б]

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңды жауапкершіліктің бір түрі - қылмыстық жауапкершілік заңды жауапкершіліктің ішіндегі ең қатаңы болып табылады. Қылмыстық жауапкершіліктің ерекшелігі қылмыстық заңнамада көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар іс-әрекетті жасағаны үшін ғана жүктеледі. Қылмыстық құқық бұзушылықтың құқықтық доктриналардағы (объекті, объективті жағы, субъекті, субъективті жағы)

қылмыс құрамының толық болуы, қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз болады. О.А. Городов еңбегінде Я.М.Брайнингке сілтеме жасай отырып, қылмыстық жауапкершілікті келесідей негізде сипаттаған: қылмыстық жауапкершілік көбінесе қылмыс жасаған адамның жеке немесе мүліктік сипаттағы айыру жазасына кесіліп, оны жасаған қылмысы үшін айыптау міндеті ретінде түсініледі, деген қорытынды берген. [13, 297 б]

Ақпараттандыру және байланыс саласында ақпаратты, ақпараттық технологияларды және байланысты басқаруға байланысты заңды жауапкершілікті қолданудың бірқатар ерекшеліктері бар. Осы саладағы құқық бұзушылықтар үшін көп қолданылатын заңды жауапкершілік - әкімшілік жауапкершілік болып табылады.

ҚР ӘҚБтК-нің 25-бабының 1-бөлігіне сәйкес, осы Кодексте сол үшін әкімшілік жауаптылық көзделген, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады [15]. Отандық авторлар Д.А. Оспанова, Д.О. Кусаинов қолданыстағы әкімшілік құқықтық нормаларға сәйкес, адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеу мүмкіндігі шеңберінде қаралатын жағдайлар ретінде, әкімшілік құқық бұзушылықтар - бұл жеке немесе заңды тұлғаның құқыққа қайшы, кінәлі әрекеттері немесе әрекетсіздіктері болып табылады, олардың орындалуы үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған, - деген түсінік ұсынған. [16, 172 б]

ҚР Бас прокуратурасының 2024 жылдың 4-тоқсаны бойынша жариялаған деректеріне сәйкес, ел аумағында 15 130 010 әкімшілік құқық бұзушылық фактісі тіркелген. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 37,8 %-ға өсіп, өткен жылғы 10 980 530 жағдайдан айтарлықтай жоғарылаған. Әкімшілік жауапкершілікке 14 653 448 тұлға тартылып, 14 653 448 әкімшілік жаза қолданылған [17]. Жоғарыдағы ҚР Бас прокуратурасы статистикасының көрсеткіштері көрсеткендей, осы саладағы әкімшілік құқық бұзушылықтар саны артып жатқанын дәлелдейді. Осыны дәлелдейтін мысал ретінде, ҚР ЦДИАӨМ жинағының 2024 жылдың 12 айына «Уәкілетті органдармен әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау нәтижелері туралы» мәліметтеріне сәйкес, ҚР ӘҚБтК 31-тарауы бойынша 413 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелген [18]. Берілген статистикалық деректер Қазақстандағы ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың көбеюін білдіреді.

Қазіргі таңда ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды құқықтық тұрғыдан анықтау мен жіктеудің өзекті мәселелері туындап отыр. Әсіресе, мемлекеттік бақылау мен қадағалау функцияларын іске асыруда әкімшілік жауапкершіліктің құқықтық тетіктерін нақтылау қажеттілігі артуда. Осыған сәйкес, әкімшілік сипаттағы ақпараттық құқық бұзушылық - бұл ақпараттық салада жасалатын, мемлекеттік басқару тәртібіне қол сұғатын, деликтік қабілетті тұлға тарапынан жасалған құқыққа қайшы, қоғамдық зиян келтіретін және кінәлі әрекет (немесе әрекетсіздік), оның нәтижесінде әкімшілік жауапкершілікке тартуға негіз болатын құқық бұзушылық ретінде

қарастырылады [12, 43 б]. Осы жерден екі құқық саласының байланысын көруге болады, өйткені құқықтың екі саласы да мемлекеттік басқаруға, құқықтар мен бостандықтардың сақталуына және құқық субъектілерінің жауапкершілігіне байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

Осы мәселе бойынша жазған мақаламда, ақпараттық құқық бұзушылықтардың құрамы бойынша талдау жасап, зерттеушілердің пікірлерін жинақтай келе, келесідей қорытындылар жасалды. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтардың объектісі ретінде ақпараттық жүйелер, байланыс желілері, бағдарламалық қамтамасыз ету және түрлі цифрлық ресурстар мен деректер қарастырылады. Құқық бұзушылықтың объективті жағы - заңсыз әрекет немесе әрекетсіздік болып табылады, мысалы, қорғалған жүйелерге рұқсатсыз кіру, вирус тарату, құпия ақпаратты заңсыз пайдалану, интернет алаяқтықтары және байланыс операторларының қызмет көрсету шарттарын бұзу. Сонымен қатар, құқық бұзушылар қатарында лауазымды тұлғалар да әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке тартылатыны айтылады. Субъективті жағы - құқық бұзушының қасақана немесе абайсыздық ниеті, оның құқыққа қарсы әрекеттеріне психологиялық қатынасы болып табылады. Мұндай құқық бұзушылықтар заңнаманың бұзылуына және заңды жауапкершіліктің туындауына себеп болады. [2, 82 - 83 б]

Д.В.Иванов ақпараттық саладағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілік жалпы әкімшілік жауапкершілікпен төмендегі бірдей белгілермен сипатталатынын атап өткен:

- 1) әкімшілік құқық бұзушылық жасау кінәлі адамды әкімшілік жауаптылыққа тартуға негіз болып табылады;
- 2) әкімшілік жауаптылық құқық бұзушыларға әкімшілік-құқықтық мәжбүрлеу шараларын қолдану мақсатын көздейді;
- 3) әкімшілік жауаптылыққа тарту нәтижесінде құқық бұзушы құқыққа қайшы әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасағаны үшін қолайсыз салдарға ұшырайды;
- 4) әкімшілік жауапкершілік қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда ғана қолданылады;
- 5) құқық бұзушыларды әкімшілік жауаптылыққа тартуды әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайтын және құқық бұзушыларға ұйымдық бағыныста болмайтын уәкілетті лауазымды адамдар жүзеге асырады. Әкімшілік жауапкершіліктің бұл ерекше ерекшелігі оны лауазымды тұлғалар қызметтік бағыну қатынастарындағы кінәлі тұлғаларға жүктейтін тәртіптік жауапкершіліктен ажыратуға мүмкіндік береді;
- 6) жауапкершілік салалық заңнама нормаларына негізделеді. [19, 14 б]

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке тартудың бірқатар ерекшеліктері бар. Құқық бұзушылық құрамдары, әкімшілік жаза түрлері, істерді қарау ерекшеліктері, нормативтік-құқықтық база және халықаралық ынтымақтастық сияқты аспектілерді қамтыуы, осы салаға тән ерекшеліктерді бөліп көрсетеді. А.К.Дубень болса, ақпараттандыру саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды келесідей сипаттаған:

- 1) қоғамдық қауіпті және құқыққа қайшы әрекет;

- 2) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзу;
- 3) ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- 4) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібін реттейтін қоғамдық қатынастарға қол сұғу. [20, 30 - 31 б]

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің негізгі аспектілері, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану мен технологиялық ерекшелігі болып табылады. Көптеген құқық бұзушылықтар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жасалатын болғандықтан, оларды анықтау және дәлелдеу арнайы білімді қажет етеді. А.В.Симаков Ресей Федерациясының ӘҚБтК-нің 13-тарауының нормаларын құқық қолдану процесінде қолданудың күрделілігін сот практикасында байланыс және ақпарат саласындағы терминология мен арнайы техникалық білімді меңгеру қажет екендігімен түсіндіруге болады деген тұжырым жасаған [21, 123 б]. Құқық бұзушылықтарды анықтаған кезде уәкілетті органдардың арнайы технологиялық аспаптарды қолдануы мен тексеру объектісі ақпараттық жүйелер, телекоммуникация желілері, ақпараттық ресурстар болуы, өз кезегінде құқық бұзушылықты тергеу және заңды жауапкершілікті қолданудың ерекшелігін көрсетеді.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар жеке және заңды тұлғалар үшін де, мемлекет үшін де ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін болғандықтан, тиімді құқықтық реттеу мен жауапкершілік шараларын күшейтуді қажет етеді. Құқық бұзушылық құрамдарына келетін болсақ, байланыс қызметтерін лицензиясыз немесе басқа рұқсат құжатынсыз ұсыну; байланыс желілері мен байланыс құралдарын пайдаланудың белгіленген ережелерін бұзу; көрсетілетін байланыс қызметтерінің сапасына қойылатын талаптарды сақтамау; тиісті рұқсатсыз радиожилік спектрін заңсыз пайдалану; рұқсатта көрсетілген талаптарды бұза отырып, радиожилік спектрін пайдалану; дербес деректерді заңсыз пайдалану, көшіру немесе тарату; деректердің құпиялылығы мен қауіпсіздігі ережелерін бұзу түрінде орын алады. Субъектілері ретінде жеке тұлғалар, лауазымды адамдар, шағын, орта, ірі кәсіпкерлік субъектілері (байланыс операторлары) және коммерциялық емес ұйымдар танылады.

Ақпараттық құқық, ақпараттық технологиялар, ақпараттандыру және байланыс салаларындағы терминологиялық күрделілік пен заманауи технологиялардың қарқынды дамуы бұл салалардың әкімшілік құқықпен өзара ықпалдасып, пәнаралық бағытта дамып жатқанын көрсетеді. А.К.Дубень ақпараттық-құқықтық қатынастардағы жауапкершілік институты жалпы институт болып табылатынын, алайда ақпараттық құқықта бұл институтты құқықтық реттеудің арнайы әдістері мен құралдары бар деп атап өткен И.Л.Бачилоның ұстанымымен келісіп, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқықтық жауапкершілік институты әкімшілік құқық нормаларымен байланысты салааралық сипатқа ие деген тұжырым жасаған. [20, 30 б]

Е.В.Безручко, Б.Г.Рысай, ақпараттық саладағы әкімшілік тергеу процедурасының тиімділігі төмен екенін келтірген. Бұл ақпараттық құқық

бұзушылықтардың кідірісінің жоғары деңгейіне, құқық бұзушылықтарды жасау тәсілдерінің әртүрлілігіне, ақпараттық құқық бұзушылықты жасау орны мен уақытын анықтаудың қиындығына байланысты екенін айтқан. [22, 184 б]

Әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің өзге құқықтық жауапкершілік түрлерінен негізгі ерекшелігі - әкімшілік құқық бұзушылық істерін қарау құзыреті соттар мен осы саладағы уәкілетті органдарға берілгенінде. Бұл өз кезегінде, құқық бұзушылықтарды заңдық тұрғыдан дұрыс қарастырып, әділ шешім қабылдау үшін соттар мен уәкілетті органдардың тек құқықтық біліммен шектелмей, қосымша арнайы техникалық білім мен дағдыларды меңгеру қажеттілігін айғақтайды.

Қорытындылай келе, ақпараттандыру және байланыс саласы ақпараттық құқықпен тығыз байланысты болуы, ақпараттық құқық бойынша отандық еңбектердің аз болуы, саланың толық зерттелмеуі, өз кезегінде осы саладағы теорияның және құқық қолдану деңгейінің төмен екенін көрсетеді. Бөлім нәтижесі бірқатар мәселелер бар екендігін көрсетті. Отандық ғылымда «ақпараттық құқық бұзушылық» ұғымының болмауы, ҚР ӘҚБтК 31-тарауындағы құқық бұзушылық құрамдарының шектеулі болуы, пәнаралық сипат (құқық пен техника, ақпараттық технологиялардың байланысқан жерінде болуы) алуы, аталған саланы зерттеуде біраз қиындықтар тудырады. Бөлім бойынша «ақпараттық қоғам», «ақпараттық құқық», «ақпараттық құқық бұзушылықтар» ұғымдарына авторлық анықтамалар ұсынылды. Бұл осы саланың теориялық бөлігін және құқық қолдану деңгейін дамытуға септігін тигізеді.

1.2 Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың құрамы: әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке тартудың құқықтық негіздері

Әкімшілік құқықты зерттеуші ғалымдар әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке әртүрлі тұжырымдар жасаған. Д.А.Оспанова, Д.О.Кусаинов «әкімшілік жауапкершілік» - бұл әкімшілік заңдарда белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның әкімшілік құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жазаларды қолдануын жүзеге асыратын заңды жауапкершілік түрі, оның орындалуы мемлекеттік биліктің мәжбүрлі күшімен қамтамасыз етілуі мүмкін деген анықтама берген. [23, 131 б]

А.С.Телегина «әкімшілік жауапкершілік» - әкімшілік құқық бұзушылықтардың, әкімшілік жазалардың, оларды қолдануға уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардың тізбелерін айқындайтын, осы санаттағы істер бойынша іс жүргізу тәртібін егжей-тегжейлі реттейтін және өз жиынтығында әкімшілік жауапкершіліктің дербес құқықтық институтын құрайтын әкімшілік құқық нормаларымен реттеледі деген [24, 276 б]. Г.Т.Байсалованың пікірінше, «әкімшілік жауапкершілік» - мемлекеттің, мемлекеттік органның, лауазымды адамның жасалған құқық бұзушылыққа теріс реакциясын білдіреді және құқық бұзушыға заңнамамен уәкілеттік берілген органдар белгілі бір әкімшілік-

құқықтық санкция салу түрінде іске асырылатын құқықтық мәжбүрлеу шарасы. [25, 93-94 б]

Жоғарыдағы авторлардың пікірлерімен келісе отырып, «әкімшілік жауапкершілік» - қоғамдағы мінез-құлықты реттейтін, қылмыстық жауапкершілікке қатысы жоқ, әкімшілік жаза ретінде айыппұл, ескерту, арнайы құқықтан немесе лицензиядан, рұқсаттан айыруды соттар мен уәкілетті органдар қолданатын дербес заңды жауапкершіліктің бір түрі деп пайымдауға болады.

Әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке тартудың заңды негізі-әкімшілік құқық бұзушылықтың объект, субъект, объективті және субъективті жақтан тұратын құқық бұзушылық құрамы. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың құрамының толық болуы, әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті басқа заңды жауапкершілік түрлерінен ажыратады және жауапкершіліктің басталуы мен жаза тағайындауға негіз болады. Құқық бұзушылық құрамының болмауы, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді тоқтатуға бастама болады.

Д.Н.Бахрахтың айтуынша, әкімшілік құқық бұзушылықтың объектісі – бұл әкімшілік-құқықтық нормалармен реттелетін әрі мемлекет тарапынан қорғауға алынған қоғамдық қатынастар жүйесі болып табылады [26, 532 б]. Ал Р.А. Подопригораның көзқарасы бойынша, әкімшілік құқық бұзушылықтың объективтік жағы – бұл құқыққа қайшы әрекеттің сыртқы бейнесі немесе нақты түрде көрінуі [27, 295 б]. Сонымен қатар Р.А.Подопригора әкімшілік құқық бұзушылықтардың көпшілігі формальды, яғни қоғамдық қауіпті салдарлардың басталуын талап етпейтінін, кейде әкімшілік құқық бұзушылық құрамының құрылымында уақыт, орын, әдіс, жағдай сияқты элементтер кездесетінін айтқан [27, 295 б]. Авторлардың пікірлерімен келісе отырып, тұжырымдайтын болсақ, объективті жақ әкімшілік құқық бұзушылықтың нақты белгілерін анықтауға мүмкіндік бере отырып, құқық бұзушылық (әрекет немесе әрекетсіздіктің) пен себеп-салдарлық байланысты анықтап, заңды жауапкершілікті тағайындау мен әділеттілікті қамтамасыз етудегі маңызды элемент.

Әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке жеке және заңды тұлғалар тартылуы мүмкін. Д.Н.Бахрах субъектілерді жалпы, арнайы және ерекше деп қарастырған болса, Р.А.Подопригора субъектілерді адамның лауазымдық және қызметтік жағдайы; тұлғаның құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері; әкімшілік жауапкершіліктен артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдар,-деп бөліп қарастырған. Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъективті жағын Д.Н.Бахрах: субъектінің (жеке тұлғаның) құқыққа қайшы әрекетке немесе әрекетсіздікке және оның салдарына психикалық қатынасы. Субъективті жақтың міндетті белгісі - әкімшілік құқық бұзушылық субъектісінің кінәсі. Кінә екі түрде: қасақана және абайсыздық түрінде болады. Әрекеттің кінәсі оның қасақана немесе абайсызда жасалғанын көрсетеді. [26, 537 б]

Әкімшілік-құқықтық жауапкершілік жария сипатқа ие, себебі әкімшілік жауапкершілік жаңа құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында, жасалған құқық бұзушылық үшін мемлекет белгілеген әкімшілік жаза түрін қолданатын заңды жауапкершілік шарасы болып табылады. Д.В.Иванов монографиясында, әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану құқығын барлығы емес, тек атқарушы

биліктің арнайы уәкілетті органдары пайдаланады. Бұл мәжбүрлеу шараларын қолдануды бақылау мен қадағалауды жеңілдетеді деп түсіндірген. [19, 9 б]

ӘҚБтК-нің 31-тарауындағы ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды соттардан бөлек, ӘҚБтК-нің 692-бабына сәйкес, Байланыс және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган және 692-2 бабына сәйкес, Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органдар қарайды.

Уәкілетті органдар ҚР ЦДИАӨМ Ақпараттық қауіпсіздік комитеті мен Телекоммуникация комитетінің құрамына кіреді. Құқық бұзушылықтарды соттар мен қатар уәкілетті органдар қарай алатын болғандықтан, уәкілетті органдардың әкімшілік жазаны қолдану көрсеткіштеріне назар аудару маңызды. ҚР ЦДИАӨМ статистикасына сәйкес, ӘҚБтК 31-тарауы бойынша 413-әкімшілік құқық бұзушылық тіркеліп, есептік мерзімде 403-іс қаралған. 10-істі сот, 393-істі уәкілетті органдар қараған. Жауаптылыққа 92 - жеке тұлға, 306-заңды тұлға тартылып, 398-әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарылған. Әкімшілік айыппұл 392-іс бойынша, 2-іс бойынша ескерту, 4-іс бойынша рұқсаттан айыру жазасы қолданылған [18]. Жалпы тарау бойынша баптардың басым бөлігінде айыппұл салу, 637-баптың 8-бөлігінде байланыс саласында қызмет көрсету лицензиясын тоқтата тұруды, 637-баптың 9,10-бөліктерінде радиожилік спектрін пайдалануға берілген рұқсаттан айыру қарастырылған. 638-баптың 2-бөлігінде сертификатталмаған байланыс құралдары тәркілеумен қатар айыппұл қарастырылған. Жоғарыда аталған баптардың бөліктерінен басқа, қалған құқық бұзушылық құрамдары бойынша айыппұл қарастырылған.

А.Е.Жатқанбаева ақпараттық құқық ғылым саласы ретінде енді дамып келе жатқанын, отандық құқықтық ғылымда зерттеулердің аз екендігін айтқан [7, 30 б]. А.Е.Жатқанбаеваның пікірімен келісе отырып, ӘҚБтК 31-тарауындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар құрамының орналасуындағы заңдық алшақтықтың бар екендігін осымен сипаттауға болады. Біріншіден, отандық заңнамада әкімшілік құқық бұзушылықтар құрамы шектеулі, алты бапқа топтастырыла отырып, бірнеше құқық бұзушылық үшін бір ғана әкімшілік жаза белгіленген. Екіншіден, құқық бұзушылықтардың артуына әкімшілік санкциялардың тиімділігінің төмен болуы, яғни құқық бұзушылықтардың алдын алмауы. Үшіншіден, әкімшілік құқық бұзушылық құрамдарына толықтырулар енгізу қажеттілігі негізінен, қосымша түсіндірмелерді қажет етуі себеп болып отыр.

ҚР ӘҚБтК 31-тарауындағы құқық бұзушылықтардың жалпы объектісі ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнамалық актілермен қорғалатын қоғамдық қатынастар. ҚР ӘҚБтК 637-бабы ҚР байланыс саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті бекітеді. Баптың тікелей объектісі-байланыс саласындағы талаптарды сақтаудың заңнамада белгіленген және мемлекет қорғайтын тәртібі. Жалпы, байланыс - объектілер, субъектілер немесе жүйелер арасындағы өзара әрекеттесу, қарым-қатынас орнату, ақпарат алмасу дегенді білдіреді. Құқық бұзушылықтың субъектісі ретінде жауаптылыққа жеке тұлғалар, лауазымды адамдар, сонымен қатар кәсіпкерлік субъектілері тартылады. Әкімшілік айыппұл кәсіпкерлік

субъектілерінің санатына қарай сараланып салынады. 637-баптың 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтың субъективті жағы қасақана да, абайсызда да орын алуы мүмкін. Әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы формальды болып табылады, бақылаушы орган құқық бұзушылық фактісін анықтаған сәттен бастап аяқталған болады. Құқық бұзушылықтың объективті жағы жоғарыдағы авторлар көрсеткендей, әрекет немесе әрекетсіздік түрінде көрініс табады.

ӘҚБТК 637-бабы 1-бөлігінің 1 тармақшасындағы «байланыс операторларын» ғылыми-практикалық түсініктеме, ел аумағында тіркелген, байланыс қызметтерін ұсынатын және (немесе) байланыс желілерін қолданатын жеке немесе заңды тұлғалар, ал үстем операторлар ретінде «Қазақтелеком» мен «Қазпошта» АҚ түсіндіреді. Әрекет немесе әрекетсіздік, операторлардың жалғау шартын жасаудан бас тартуы арқылы орын алады.

Байланыстың үстем операторларының құқық бұзушылықтары байланыс желілерін орнатуға негізсіз тосқауыл қоюы арқылы орын алады [15]. Бұл яғни Байланыс туралы заңның 26-бабының 2 тармағын бұзу болып табылады. Әрекет немесе әрекетсіздік нақты мерзімдерді бұзу түрінде орын алады.

637-бабы 1-бөлігінің 5 тармақшасы байланыс операторы тариф бірліктерінің мөлшерін бұзуы түріндегі әрекет немесе әрекетсіздігі кезінде құқық бұзушылық орын алады. ӘҚБТК 637-бабы 1-бөлігінің 9 тармақшасы бойынша түсініктеме, радиожилілік спектрін пайдалану бойынша рұқсат екі ай мерзімде берілу керек екендігін де түсіндіреді. 637-баптың 1-бөлігінің 9-5 тармақшасындағы құқық бұзушылық, ҚР Байланыс туралы заңының 36-бабын бұзған кезде орын алады. 637-баптың 1-бөлігінің 9-3 тармақшасындағы әрекет немесе әрекетсіздік байланыс операторларының қауіпсіздік сертификаттарын қолдану ережелерін бұзуы түрінде көрініс табады. [15]

637-баптың 1-бөлігінің 9-4 тармақшасындағы әрекет немесе әрекетсіздік телекоммуникациялар желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмыс істеу тәртібін бұзу түрінде көрініс табады [15]. 637-баптың 1-бөлігінің 9-5 тармақшасындағы құқық бұзушылықтың әрекет немесе әрекетсіздігі, байланыс операторларының тыйым салынған ақпаратқа қол жетімділікті ұсынуы түрінде орын алады. [15]

ӘҚБТК 637-бабының 1-бөлігінің 10-тармағындағы құқық бұзушылық ұялы байланыс операторлары абоненттік нөмірлерді көшіру процесін тек абоненттердің орталықтандырылған дерекқоры арқылы жүзеге асыру қажеттігіне, яғни Байланыс туралы заңның 36-1 бабының 3-тармағын орындамаумен байланысты. [11]

637- баптың 1-бөлігінің 11 тармақшасының әрекет немесе әрекетсіздігі ұялы байланыс операторларының абоненттік нөмір туралы ақпарат беруі, яғни Байланыс туралы заңының 36-бабының 5 тармағын бұзу салдарынан орын алады.

ӘҚБТК 637-бабы 1-бөлігінің 13 тармақшасындағы құқық бұзушылық пошта операторларына қатысты және олардың қызметі барысында талаптарды сақтамауы түріндегі әрекет немесе әрекетсіздік арқылы көрініс табады. Осы тұста пошта қызметінің қағидалары Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 9 сәуірдегі Пошта туралы заңының (әрі қарай - ҚР Пошта туралы заңы) 24-бабында

көрініс тапқан. Негізгі қағидалары: пошта қызметін көрсету, құрылғыларды пайдалану, пошта жөнелтімдерін қабылдау және табыс ету, жіберу, тексеруді қамтиды. ӘҚБтК 637-бабы 1-бөлігінің 14 тармақшасындағы әрекет немесе әрекетсіздік пошта жөнелтімдерінің талаптарын бұзу түрінде орын алады. Пошта туралы заңының 44-бабының 1 тармағы, пошта операторы пошта жөнелтілімінің жөнелтушіден қабылдап алған кезден бастап алушыға берген кезге дейін сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. [28]

637-баптың 1-бөлігінің 15 тармақшасындағы құқық бұзушылық пошталық жөнелтімдердегі тыйым салынған заттарды анықтайтын құрылғыларды орнату талаптарын бұзу түріндегі әрекет немесе әрекетсіз түрінде орын алады. ӘҚБтК 637-бабы 1-бөлігінің 17 тармақшасындағы құқық бұзушылық, байланыс операторларының байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын бұзу түріндегі әрекет немесе әрекетсіздігі салдарынан орын алады. Аталған тармақшаға ғылыми-практикалық түсініктеме түсінік бермегендіктен, авторлық түсінік ұсынатын болсақ, Байланыс туралы заңының 8-бабы 1 тармағының 19-14 тармақшасына сәйкес, байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту уәкілетті органның құзыретіне жатады. [11]

Байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын уәкілетті орган бекітетін болғандықтан, аталған қағидаларды байланыс операторлары орындауға міндетті болып табылады. Соңғы 2023 жылы бекітілген қағида, ҚР ЦДИАӨМ 2023 жылғы 31 наурыздағы № 123/НҚ «Байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту туралы» ҚР Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 171 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы бұйрығы болып табылады. Аталған қағида байланыс қызметтерін көрсетудегі жалпы ережелерді бекітеді. Жалпы алғанда аталған қағиданы байланыс операторлары бұзған жағдайда, құқық бұзушылық орын алады. Жоғарыда аталған тармақша бойынша, 10-100 айлық есептік көрсеткіш аралығындағы (бұдан әрі-а.е.к), мөлшерде айыппұл азаматтарға, қызметтегі адамдарға және кәсіпкерліктің барлық деңгейлеріне қолданылады.

637-баптың 3-бөлігінің тікелей объектісі – қызметтік ақпаратты жинау және сақтау бойынша міндеттердің бұзылуы [15]. Осындай әрекет немесе әрекетсіздік арқылы орын алады. Әкімшілік жауапкершілікке кәсіпкерлік субъектілері тартылып, әкімшілік жаза ретінде 50-500 а.е.к негізіндегі айыппұл салынады. Бұл ақпаратты жинау мен сақтаудың заңнамада бекітілген тәртібі бар және ол мемлекет тарапынан қорғалады. Сәйкесінше, абоненттер туралы қызметтік ақпарат, ҚР ЦДИАӨМ 2023 жылғы 30 маусымдағы № 220/НҚ бұйрығының 2 тармағының 2 тармақшасына сәйкес, жеке және заңды тұлғалардың абоненттік нөмірлері, жеке және бизнес сәйкестендіру нөмірлері, биллингтік мәліметтері, абоненттік құрылғының орналасқан жері және интернет-ресурстың сәйкестендіргіштері туралы мәліметтер байланыс желілерінде қарсы барлау қызметі мен жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу мақсаттарына ғана арналған болып табылады [29]. Құқық бұзушылықтың субъективті жағы қасақана және абайсыздық нысанында да орын алады, субъектісі байланыс операторы, яғни арнайы субъект. Аталған бөлік бойынша 50-500 а.е.к мөлшерінде айыппұл қарастырылған.

637-баптың 5-бөлігінің объективті жағы байланыс операторларының әрекетсіздігі болып табылады. Сонымен қатар Байланыс туралы заңының 15-бабын бұзу болып табылады. Субъективті жағы қасақана және абайсыздық нысанында да орын алады, ал субъектісі арнайы субъект, яғни байланыс операторы. Әкімшілік айыппұл байланыс операторларының кәсіпкерлік субъектісі нысанына қарай 50-500 а.е.к мөлшерінде қарастырылған.

637-баптың 9-бөлігіндегі құқық бұзушылық радиожилік спектрін пайдалану бойынша берілген рұқсатта белгіленген аймақтарда байланыс қызметтерін жеткізу міндетін байланыс операторының орындамауы салдарынан болады [15]. Бұл өз кезегінде Байланыс туралы заңы 12-бабы 6 тармағының талаптарын орындамау түріндегі әрекетсіздігімен көрініс табады. Қасақана және абайсыздық нысанында да орын алуы мүмкін, субъектісі арнайы субъект, яғни байланыс операторы болып табылады. Құқық бұзушылық үшін рұқсаттан айыру түріндегі әкімшілік жаза қолданылады.

637-баптың 10-бөлігінің тікелей объектісі - радиожилік спектрін қолданудың заңнамада белгіленген және мемлекет қорғайтын тәртібі болып табылады. Объективті жағы радиожилік спектрін бір жыл бойы пайдаланбау түріндегі әрекетсіздік түрінде көрініс табады. Бұл әрекетсіздік байланыс операторларының Байланыс туралы заңының 12-бабы 8-1 тармағы 1 тармақшасының талаптарын орындамауы салдарынан орын алады. Аталған тармақшаға сәйкес, бір жыл бойы қолданылмаған радиожилік спектрін уәкілетті органдар алып тастай алады. Қасақана және абайсыздық нысанында да болуы мүмкін, ал субъектісі арнайы субъект, яғни радио қызметкері болып табылады. Құқық бұзушылық үшін рұқсаттан айыру түріндегі әкімшілік жаза қолданылады. 637-баптың 9, 10-бөлігі бойынша радиожилік спектрін пайдалануға берілген рұқсаттан айыру қолданылады.

Ғылыми-практикалық түсініктеме 11-бөлікті 637-баптың 1-бөлігі 11 тармақшасындағы құқық бұзушылықтың объективті жағын қайталау ретінде түсінік берген. Аталған түсінікпен ішінара келісуге болады, дегенмен 637-баптың 1-бөлігі 11 тармақшасы, Байланыс туралы заңының 36-1-бабы 5 тармағын бұзуға, яғни ұялы байланыс операторлары абоненттік нөмірлердің орталықтандырылған дерекқоры операторына ұялы байланыс желілерінде абоненттік нөмірді көшіру қағидаларында айқындалатын мәліметтерді қоса алғанда, ұялы байланыстың абоненттік нөмірлері туралы ақпаратты беруді қамтамасыз ету міндетін бұзуына байланысты болып отыр [11]. Ал 637-баптың 11-бөлігі үшін әкімшілік жауапкершілік Байланыс туралы заңының 36-1-бабы 2 тармағын бұзуға, яғни ұялы байланыс операторлары абоненттік нөмірлерді көшіруді қамтамасыз ету жөніндегі міндетті орындамауына байланысты болып отыр.

Осылайша, екі құқық бұзушылықтың екі түрлі объективті жағын, яғни бірінде абоненттік номерді көшіру, екіншісінде абоненттік номер туралы ақпаратты беру түрінде екенін көруге болады. Сонымен қатар түсініктеме 637-баптың 1-бөлігі 16 тармақшасының объективті жағы әрекет немесе әрекетсіздік арқылы орын ала беретінін түсіндірсе, 637-баптың 11-бөлігінің объективті жағы тек қана әрекетсіздік нысанында орын алатыны туралы айырмашылықты түсіну

қажет. 637-баптың 14-бөлігіне ғылыми-практикалық түсініктеме түсінік бермеген. Авторлық түсінік беретін болсақ, тікелей объектісі - уәкілетті органмен бекітілген стандарттау құжаттарына, техникалық регламенттерге және байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштеріне сай байланыс қызметтерін көрсету процесі болып табылады. Объективті жағы әрекет немесе әрекетсіздік нысанында орын алуы мүмкін. Субъективті жағы қасақана және абайсыздық нысанында да болуы мүмкін, ал субъектісі байланыс операторлары болып табылады.

638-баптың бірінші бөлігінің тікелей объектісі – радиожилілік және жоғары жиілікті құралдарды, сондай-ақ техникалық талаптарға сай пошта байланыс құралдарын пайдалану [15]. Объективті жағы әрекет арқылы көрініс табады. Субъектісі жеке тұлғалар, лауазымды адамдар және кәсіпкерлік субъектілері. Әкімшілік жаза ретінде ескерту мен 5-200 а.е.к мөлшерінде айыппұл қарастырылған. Ал екінші бөлігі бойынша сертификатталмаған байланыс құралдарына тәркілеу қолданылып, айыппұл мөлшері екі еселенеді. Субъективті жағы қасақана және абайсыздық нысанында да болуы мүмкін. Құқық бұзушылық құрамы формальды, себебі құқық бұзушылық анықталған кезден бастап аяқталған болады және материалдық зиян келтіру фактісін анықтауды қажет етпейді.

639-баптың объективті жағындағы әрекет мемлекеттік техникалық қызметтің бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысына кедергі жасау, бұғаттау және қызметкерлердің ақпараттық жүйелермен жұмысын тежеу түрінде жүзеге асады. Субъектісі жеке тұлғалар, лауазымды адамдар және кәсіпкерлік субъектілері болып табылады. Әкімшілік жаза ретінде ескерту мен 10-100 а.е.к мөлшерінде айыппұл қарастырылған, ал екінші бөлігі бойынша айыппұл мөлшері екі еселенеді. Субъективті жағы қасақана түрінде болады. Құқық бұзушылық құрамы формальды, себебі құқық бұзушылық анықталған кезден бастап аяқталады және материалдық зиян келтіру фактісін анықтауды қажет етпейді.

640-баптың тікелей объектісі-электрондық құжаттарды қабылдау тәртібі. Құқық бұзушылық ҚР 2003 жылғы 7 қаңтардағы ЭЦҚ туралы заңының талаптарын бұзу салдарынан орын алады. Объективті жағы электронды құжатты қабылдаудан бас тарту түріндегі әрекетсіздік арқылы көрініс табады. ҚР ЭЦҚ туралы заңының 24-бабының талаптарына сәйкес, электронды құжатты қабылдаудан бас тартуға болмайтынын көрсетеді [30]. Субъектісі лауазымды адамдар мен заңды тұлғалар болып табылады. Әкімшілік жаза ретінде айыппұл қарастырылған. Субъективті жағы қасақана түрде болады. Құқық бұзушылық құрамы формальды, құқық бұзушылық анықталған кезден бастап аяқталады және материалдық зиян келтіру фактісін анықтауды қажет етпейді. Әкімшілік айыппұл лауазымды адамдарға – 20, заңды тұлғаларға - 50 а.е.к мөлшерінде қарастырылған.

640-баптың 2-бөлігінің тікелей объектісі-электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілттерін сақтау тәртібі болып табылады. Объективті жағы куәландырушы орталықтың электрондық цифрлық қолтаңбаның сақтау шараларын қабылдамауы түріндегі әрекетсіздік арқылы көрініс табады.

Субъектісі арнайы субъекті, заңды тұлға яғни куәландырушы орталық. Субъективті жағы қасақана түрде болады. Құқық бұзушылық құрамы формальды. 640-баптың 3-бөлігінің тікелей объектісі - тіркеу куәліктерінің иелері туралы мәліметтерді қорғау. Объективті жағы мәліметтерді тиісті түрде қорғамау түріндегі әрекетсіздікпен көрініс табады. Субъектісі арнайы субъекті, заңды тұлға яғни куәландырушы орталық. Субъективті жағы қасақана түрде болады. Құқық бұзушылық құрамы формальды. Баптың 2, 3-бөліктері бойынша айыппұл мөлшері ретінде 100 а.е.к құрайды.

640-баптың 4-бөлігінің тікелей объектісі-электрондық цифрлық қолтаңбаның жеке кілтін заңсыз кіруден, пайдаланудан қорғау. Объективті жағы цифрлық қолтаңбаның заңсыз кіруден қорғау шараларын қабылдамау түріндегі әрекетсіздікпен көрініс табады. Субъектісі тіркеу куәлігінің иесі және субъективті жағы қасақана немесе абайсыздық нысанында болады. Айыппұл 50 а.е.к құрайды.

640-баптың 5-бөлігінің тікелей объектісі-электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану қағидалары. Объективті жағы цифрлық қолтаңбаны басқа тұлғаларға беру түріндегі әрекет арқылы көрініс табады. Құқық бұзушылық ҚР ЭЦҚ туралы заңның 10-бабы 2 тармағы, яғни жабық кілттер меншік иесінің меншігі болып табылатындығын біле отыра, заңсыз басқа тұлғаларға беру арқылы орын алады. Субъектісі жеке тұлғалар, лауазымды адамдар, кәсіпкерлік субъектілері және субъективті жағы қасақана немесе абайсыздық нысанында болады. Әкімшілік айыппұл мөлшері 10-100 а.е.к аралығын құрайды.

ӘҚБтК 641-бабы ҚР Ақпараттандыру туралы заңнамасын бұзу. 641-баптың 1-бөлігінің тікелей объектісі – ақпараттандыру объектілерін жасау, жетілдіру және қолдану барысында, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын мемлекеттік қолдау кезінде қалыптасатын қоғамдық қатынастар. Объективті жағы әрекет немесе әрекетсіздік арқылы жүзеге асырылады.

641-баптың 1-бөлігінің 6 тармақшасындағы әрекет немесе әрекетсіздік, «электрондық үкіметтің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін сынаудың оң нәтижесі бар актісі жоқ» ақпараттандыру объектісін өнеркәсіптік пайдалану түрінде орын алады. Әрекет немесе әрекетсіздік ҚР Ақпараттандыру туралы заңының 12-бабы 12 тармақшасын бұзу салдарынан туындайды. Аталған бөлік үшін 10-100 а.е.к аралығындағы әкімшілік айыппұл қарастырылған және субъектілері жеке тұлғалар, лауазымды адамдар, коммерциялық емес ұйымдар мен кәсіпкерлік субъектілері болып табылады. Субъективті жағы қасақана немесе абайсыздық нысанында болады.

641-баптың 2-бөлігінің тікелей объектісі - электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмесін жасауға қойылатын талаптарды сақтау болып табылады. Объективті жағы әрекетсіздік арқылы жасалады, ал субъективті жағы қасақана немесе абайсыздық нысанында болады. Айыппұл мөлшері 30-80 а.е.к аралығын қамтиды. 641-баптың 3-бөлігі - 641-баптың 1,2-бөлігіндегі әкімшілік жаза бір жыл ішінде қайталап жасаған болса, әкімшілік айыппұл қатаңдай түседі. 641-баптың 4-бөлігінің тікелей объектісі-жеке тұлғаның дербес деректерін қорғау процесінде қалыптасатын қоғамдық

катынастар. Объективті жағы жеке тұлғаның дербес деректерін пайдалану түріндегі әрекет арқылы жүзеге асады. Субъектілері жеке тұлғалар, лауазымды адамдар, коммерциялық емес ұйымдар мен кәсіпкерлік субъектілері болып табылады, ал субъективті жағы қасақана немесе абайсыздық нысанында болады.

ҚР ӘҚБтК 31-тарауындағы құқық бұзушылықтар құрамы бланкеттік сипат негізде. Мұны ғылыми-практикалық түсінктеме әр бапты түсіндіру кезінде тиісті заңдар мен министрліктердің бұйрықтарына сілтеме жасауынан көруге болады. Құқық бұзушылық құрамдарын талдау арқылы, Байланыс және Ақпараттандыру туралы заңдары жаңа талаптарға сәйкес жетілдіруді, заңдарға жаңа нормаларды қосу қажеттігі анықталып, 31-тараудағы баптардың құрамына авторлық түсініктемелер мен баптарды қайта топтастыру ұсынылды.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікті заң шығарушы, құқық бұзушылықтың объектісі болған заңның нормаларына жүйелей отырып топтастырған. Бұл бір жүйелілік пен жауапкершілікті тағайындау кезіндегі реттілікті көрсетеді. Дегенмен, баптарға талдау жүргізу кезінде, ӘҚБтК 637-бабының 1-бөлігіндегі құқық бұзушылық құрамы қайта қарастыруды қажет етеді деген пікір пайда болады. Себебі, ӘҚБтК 637-бабының 1-бөлігіндегі құқық бұзушылық құрамы өте ауқымды және 17 құқық бұзушылық үшін бір ғана әкімшілік жаза, яғни айыппұл қарастырылған. Құқықтық тұрғыдан бұл негізсіз әрі құқық бұзушы үшін ешқандай жағымсыз салдар тудырмайды және құқық бұзушылықтың қайта қайталанбауына кепілдік бермейді. Ұсыныс ретінде ӘҚБтК 637-бабының 1-бөлігіндегі құқық бұзушылықтарды келесідей топтастырып, аталған құқық бұзушылық құрамдары үшін бір жауапкершілікті қарастыруға болады. ӘҚБтК 637-бабының 1-бөлігінің 1,2,3,5 тармақшаларын бірге топтастыруға; 9; 9-3; 9-4; 9-5; 9-6 тармақшалары үшін бөлек жауапкершілік шарасын қарастыруға; 10,11 тармақшаларын; 13,14,15 тармақшаларын және 16,17 тармақшаларын бірге топтастыруға болады.

ӘҚБтК 637-бабының 1-бөлігінің 9; 9-3; 9-4; 9-5; 9-6 тармақшалары үшін бөлек жауапкершілік шарасын қарастырудағы басты себеп - баптың ауқымды әрі 1-бөлігіндегі 17 тармақша үшін бір ғана әкімшілік жаза қарастырылуының салдарынан, құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік сипатына сәйкес емес болуы болып табылады. ӘҚБтК 637-бабының 1-бөлігінің: 9-4; 9-5; 9-6,- тармақшалары 1-бөліктегі басқа тармақшалармен салыстырғанда, қоғамға қауіптілік деңгейімен ерекшеленеді және аталған тармақтар үшін әкімшілік жазаны күшейту арқылы құқық бұзушы үшін құқықтық ықпал ету шараларын жүргізуге болады. Құқық бұзушылықтар құрамын дербес қарастыруды ұсынудағы басты мақсат - құқық бұзушылықтарды азайту мен құқық бұзушылықтар үшін тиімді жауапкершілік шараларын бекіту болып табылады. Құқық бұзушылықтарды топтастырудың жоғарыдағы негіздерін ұсына отырып, әкімшілік жаза түрлерін аталған саладағы баптар үшін айыппұлдан бөлек, арнайы құқықтан айыру, рұқсаттан айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру түріндегі жазаларды қолдану арқылы, құқық бұзушылардың әрекет немесе әрекетсіздіктері үшін жағымсыз құқықтық салдар туғызуға болады.

1.3 Ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті жүзеге асыру бойынша салыстырмалы-құқықтық талдау: халықаралық үздік тәжірибе

Ақпараттандыру және байланыс салаларының құқықтық реттелуі қазіргі заманғы ақпараттық қоғамның негізін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл саладағы заңнаманы бұзу фактілері құқықтық тәртіп пен ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан өзекті мәселелерді туындатады. Халықаралық тәжірибе мен құқықтық нормаларды салыстырмалы талдау осы саладағы әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің іске асырылу ерекшеліктерін анықтауға, еліміздің құқықтық жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкес жетілдіруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан, ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті жүзеге асыру мәселелері мен оның халықаралық үздік тәжірибесі зерттеудің өзекті бағыттарының бірі болып табылады.

Халықаралық деңгейде ақпараттық құқық пен байланыс саласындағы құқық бұзушылықтарға қатысты нормативтік-құқықтық негіздерді қалыптастыруға бірқатар құжаттар ықпал етті. Атап айтқанда, адам құқықтарын қорғау саласындағы негізгі халықаралық актілер ақпаратқа қол жеткізу, пікір білдіру және ақпаратты тарату құқықтарын халықаралық стандарттар ретінде мойындады. Халықаралық актілер мен тәжірибеге негізделген салыстырмалы-құқықтық талдау еліміздің заңнамасын жетілдіруге және әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің тиімді механизмдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы халықаралық құжаттар жаһандық цифрландыруға ықпал ететін бірыңғай стандарттар мен құқықтық нормаларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Осы тақырып бойынша жарияланған мақаламда бірнеше елдердің ақпараттандыру және байланыс саласын реттеу жүйелері салыстырылды. Соның ішінде АҚШ пен Германия сияқты дамыған елдердің кешенді заңнамалық базасы бар екені атап өтілді. АҚШ-та бұл сала «Жеке деректерді қорғау», «Электрондық коммерция» және ең негізгісі – 1934 жылғы «Байланыс туралы» заңдармен реттеледі. Соңғысы телефон, телеграф және радио байланыстарын қамтиды және Федералды байланыс комиссиясы (FCC) арқылы жүзеге асырылады. Аталған орган байланыс операторларын лицензиялап, нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеп, саладағы бақылауды қамтамасыз етеді. Қазақстанның «Байланыс туралы» заңымен салыстырғанда, екі елдің заңдары байланыс қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ операторлардың қызметін лицензиялау мен реттеуге бағытталған нормаларды қамтиды. [31, 201 – 202 б]

АҚШ-ның Communications Act заңының қызықты бір аспектісі – заңда әмбебап қызметтерді қамтамасыз ету, SEC. 254. [47 U.S.C. 254] бөлімінде қарастырылған [32]. Бұл дегеніміз телекоммуникация қызметтерінің барлық азаматтарға, олардың орналасқан жеріне қарамастан, ақылға қонымды, тиімді бағамен қол жетімді болуын қамтамасыз етуге бағытталған. Осыған сәйкес, операторлар шалғай және ауылдық жерлерде телефон және интернет

қызметтерін ұсынуға міндетті. Сонымен қатар арнайы Әмбебап қызмет көрсету қоры (Universal service Fund, USA) аз қамтылған және қол жетімділігі қиын аймақтарда телекоммуникациялық қызметтерді субсидиялау үшін құрылған. Осыған сәйкес, FCC әмбебап қызметтердің белгіленген стандарттарға сәйкес ұсынылуын және халықтың барлық санаттары үшін тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге жауапты. Сонымен қатар заңға сәйкес, телекоммуникация операторлары әмбебап қызмет көрсету талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге міндетті және осы стандарттарға сәйкес келмеген жағдайда айыппұлдар салынуы мүмкін екені қарастырылған.

Елімізде Үкіметтің 2023 жылғы 27 қазандағы Байланыс саласындағы «Қолжетімді Интернет» ұлттық жобасын бекіту туралы № 949 қаулысы қабылданған, яғни осы саладағы жұмыстар жүргізіліп жатыр. Дегенмен, ҚР ЦДИАӨМ-нің 2024 жылғы мәліметтерінше, Қазақстанның 1424 ауылында мобильді интернет жоқ екенін, 6290 ауылдың тек 2606-да сымды интернеттің бар екенін хабарлаған. [33]

Сонымен қатар, АҚШ заңнамасында мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың байланыс қызметтеріне теңдей қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған нормалар бар. Бұл нормалар операторлардың тарифтер мен қызмет көрсету барысында кемсітушілік жасауын болдырмайды. Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» заңының 38-бабының 2-тармағы 9-тармақшасында да мүмкіндігі шектеулі азаматтардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерге қол жеткізуін қамтамасыз ету міндеті қарастырылған. [31, 201 б]

Өзбекстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы заңына сәйкес, мүгедектерге әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына (тұрғын үй-жайларға, қоғамдық және өндірістік ғимараттарға, құрылыстар мен құрылымдарға, денсаулық сақтау және спорт нысандарына, мәдени-көріністік және басқа да мекемелерге) кедергісіз қол жеткізу үшін жағдай жасау талаптарын орындамағаны, сондай-ақ теміржол, әуе, су, қалааралық автомобиль көлігімен, барлық түрдегі қалалық және қала маңындағы жолаушылар көлігімен, көлік коммуникацияларымен, жалпыға ортақ байланыс және ақпарат құралдарымен пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етпегені үшін ұйымдардың лауазымды адамдары әкімшілік жауапкершілікке тартылады [34, 137 б]. Өзбекстан тәжірибесіне сәйкес, осындай норма мен қатар, әкімшілік жауапкершілікті қарастыруға болады.

Ресей Федерациясының 07.07.2003 жылғы № 126 Байланыс туралы Федералдық заңының 62-бабы мен Беларусь Республикасының 2005 жылғы 19 шілдедегі № 45-3 Электр байланысы туралы заңының 46-бабына сәйкес, телекоммуникация операторлары мен телекоммуникация қызметтерін жеткізушілердің және пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері қамтылған. ҚР Байланыс туралы заңының 35,36-баптарында байланыс қызметтерін пайдаланушылардың құқықтары нақты көрсетілмеген. Сәйкесінше, отандық байланыс туралы заңға байланыс қызметтерін пайдаланушылардың құқықтарын толықтыруды және ӘҚБТК 637 - бабына осы құқықтар бұзылған жағдайда көзделетін әкімшілік жазаны қарастыруды ұсынуға болады. Сонымен қатар байланыс туралы заң байланыс операторларының қызметінің ашықтығы,

тарифтер мен дербес деректерді өңдеу саясаты туралы ашық ақпарат беру туралы норманы да қамтымайды. Тәжірибеге сәйкес, еліміздің «Байланыс туралы» заңына деректердің құпиялылығы, тарифтер мен қызметтердің ашықтығын қамтамасыз ету, тұтынушылардың құқықтарын қорғау шараларын енгізу арқылы заңнамалық бақылауды күшейту мүмкіндігін қарастыруға болады.

АҚШ-ның Communications Act заңында құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік және қылмыстық санкциялар көзделген. Сонымен қатар ТМД мемлекеттерінен Ресей Федерациясының Байланыс туралы Федералдық заңының 68-бабында, Қырғыз Республикасының 1998 жылғы 2 сәуірдегі № 31 Электр байланысы туралы заңының 40-бабында және Өзбекстан Республикасының 13 қаңтар 1992 жылғы № 512-ХІІ Байланыс туралы заңының 14-бабында қылмыстық, әкімшілік және азаматтық-құқықтық жауапкершілікте болатыны көзделген. Еліміздің Ақпараттандыру және Байланыс туралы заңдарында заңды жауапкершіліктің нақты қандай түрлері туындайтыны көрсетілмеген.

АҚШ-тың байланыс саласындағы заңнамасына сәйкес, уәкілетті орган рұқсат етілген талаптар орындалмаған жағдайда берілген лицензияны қайтарып алу құқығына ие. Бұл, әсіресе, лицензиаттың шындыққа жанаспайтын ақпарат ұсынуы, заң мен ережелерді жүйелі түрде бұзуы немесе қылмыстық іс-әрекеттерге қатысуы секілді жағдайларда жүзеге асырылады. ҚР ӨҚБтК 637-бабының 6-бөлігінде, «байланыс желілерінде жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдардың қызметтік ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ аталған іс-шараларды жүргізудің нысандары мен әдістерін ашуға жол бермеу жөнінде шаралар» қолдануға міндеттілігін орындамаған жағдайда, лицензияны тоқтата тұру қарастырылған [15]. Ал рұқсаттан айыру жазасы, радиожилік спектрін бір жыл бойы пайдаланылмаған кезде салынады. АҚШ-ның жаза түрлері еліміздегі әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салынатын әкімшілік жаза түрлеріне келеді. Сонымен қатар, АҚШ заңнамасында хабар тарату станциясы бір жыл ішінде эфирге ешбір сигнал таратпаған жағдайда, лицензия шарттарына қарамастан, оның әрекет ету мерзімі автоматты түрде аяқталатыны көзделген. [31, 202 б]

Еліміздің әкімшілік құқық бұзушылық құрамдарымен салыстырғанда, АҚШ-да әкімшілік жаза қатаңырақ. Лицензияға қатысты Гана мемлекетінің тәжірибесі 2008 жылғы Электрондық Байланыс туралы заңында көрініс тапқан. Заңның 73 (1) бабына сәйкес, лицензиясыз электрондық байланыс жүйелері мен жабдықтарын сату немесе өндіргені үшін, 3000-ға дейін айыппұл салу немесе бес жылға дейін бас бостандығынан айыру, ал заңды тұлғалар үшін директорлардың бір мезгілде жауапкершілігі бар 9000-ға дейін айыппұл салу қарастырылған. [35, 75 б]

АҚШ-тың Communications Act заңында байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар үшін бірқатар қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік көзделген. Атап айтқанда, заң бұзушылықтың сипатына байланысты айыппұл (500-ден 10 000 долларға дейін), мүлікті тәркілеу немесе бір жылға дейін бас бостандығынан айыру сияқты жазалар тағайындалуы мүмкін. Лицензиялауға жататын байланыс қызметін рұқсатсыз жүзеге асыру - әкімшілік

жауапкершілікке, ал кибершабуыл, деректерді заңсыз иелену сияқты ауыр құқық бұзушылықтар - қылмыстық жауапкершілікке әкеледі. [31, 202 б]

Ал Германияда мұндай құқық бұзушылықтарды бақылау мен алдын алу ісімен Федералдық ақпараттық қауіпсіздік басқармасы (BSI) айналысады. Бұл орган Германияның Ішкі істер министрлігіне бағынысты және елдегі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін басты мемлекеттік құрылым болып саналады.

Германияда ақпараттандыру саласындағы заң бұзушылықтар үшін әкімшілік айыппұлдар қарастырылған. Қазақстанда бұл саладағы жауапкершілік «Ақпараттандыру туралы» заңмен реттеліп, нақты жаза ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі мен Қылмыстық кодекс арқылы белгіленеді. Ал Германияда BSI туралы заңның 14-бабына сәйкес, егер ұйымдар талап етілген құжаттарды ұсынбаса немесе дұрыс мәлімет бермесе - 2 миллион еуроға дейін, қауіпсіздік ережелерін бұзса - 1 миллион еуроға дейін, деректерді қорғау талаптарын сақтамаса - 500 мың еуроға дейін, ал ақпарат беруден бас тартса немесе заң талаптарын орындамаса - 100 мың еуроға дейін айыппұл төлеуі мүмкін. [36]

Германияда ақпараттандыру саласындағы заң бұзушылықтар үшін әкімшілік айыппұлдар қарастырылған. Қазақстанда бұл саладағы жауапкершілік «Ақпараттандыру туралы» заңмен реттеліп, нақты жаза ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі мен Қылмыстық кодекс арқылы белгіленеді. Ал Германияда BSI туралы заңның 14-бабына сәйкес, егер ұйымдар талап етілген құжаттарды ұсынбаса немесе дұрыс мәлімет бермесе - 2 миллион еуроға дейін, қауіпсіздік ережелерін бұзса - 1 миллион еуроға дейін, деректерді қорғау талаптарын сақтамаса - 500 мың еуроға дейін, ал ақпарат беруден бас тартса немесе заң талаптарын орындамаса - 100 мың еуроға дейін айыппұл төлеуі мүмкін. [31, 204 б]

Еліміздің ӘҚБтК 641-бабында көзделген 10-нан 200 айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл мөлшері, Германиядағы ұқсас құқық бұзушылықтар үшін белгіленген айыппұлдармен салыстырғанда, құқықтық ықпал ету күші әлдеқайда төмен екенін көрсетеді» [31, 204 б]. Сонымен қатар әкімшілік жазаны жетілдіру тұсында Ресей Федерациясының да тәжірибесін қарастыруға болады. Л.С.Михайлова, Ресей Федерациясының Федералдық қауіп-қатерсіз қызметінде, ақпаратты қорғау құралдарын, оның ішінде шифрлау (крипто-графикалық) құралдарын сертификаттау және техникалық және экспорттық бақылау жөніндегі Федералды қызметте, сәйкестікті растауды ақпараттық саладағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әкімшілік - санкциялық шараларына жатқызуға болады деп санаған. [37, 199 б]

ҚР Ақпараттандыру туралы заңнамасына талдау жасау арқылы, ақпараттандыру туралы заң мен ӘҚБтК 641-бабына, ашықтықты қамтамасыз ететін норма енгізуді ұсынуға болады. Ақпараттандыру саласындағы органдардың қауіпсіздік шаралары мен оның нәтижелері туралы ашық есептер беруді міндеттейтін норма енгізу арқылы, аталған саладағы заңның 3 - бабы 2 тармағының 4,8 тармақшаларының жұмыс істеуіне және сол үшін жауапкершілік шарасын бекітуге негіз болады.

Ақпараттандыру саласындағы ашықтықты қамтамасыз ету, ӘҚБтК 641-бабындағы құқық бұзушылық құрамдарының азаюына және қоғамның сенімі, жалған ақпаратпен күресу тиімділігін арттыруға алып келеді. Сонымен қатар, жұртшылықтың ақпараттандыру саласындағы маңызды шешімдер қабылдау үшін қатысуын қамтамасыз ететін норманы да бекіту қажет. Осындай норманы енгізу арқылы, қазіргі интернет алаяқтық, дербес деректердің желіге ағуы сияқты құқық бұзушылықтардың алдын алуға және азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыруға ықпал етуге болады.

Көршілес Қырғыз елінің Ақпараттандыру туралы заңына ақпараттық қатынастарды құқықтық реттеу қағидаттарына, ақпаратты іздеу, алу, беру, жинау, өңдеу, жинақтау, сақтау, тарату және (немесе) беру, сондай - ақ ақпаратты пайдалану еркіндігі қағидатын енгізу ұсынылған [38, 257 б]. Осындай Ақпараттандыру туралы заңындағы қағидаттарды еліміздің Ақпараттандыру туралы заңына енгізуге болады. Осылайша, ҚР Байланыс туралы заңына АҚШ тәжірибесін, әкімшілік жаза түрлерін жетілдіруде Германия және Гана мемлекеттерінің тәжірибелерін енгізуге, ал Ақпараттандыру туралы заңының нормаларын нақтылай түсу үшін Қырғыз тәжірибесін қарастырға болады.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы халықаралық ынтымақтастық ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің ажырамас бір бөлігіне айналады. Ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға негіздеу, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, құқықтық реттеуді тиімді қалыптастыру үшін маңызды бағдар ретінде қызмет етеді.

Халықаралық электр байланысы одағы (ITU)-халықаралық телекоммуникация және радиобайланыс мәселелерімен айналысатын және радиожііліктерді пайдалану мәселелерін айқындайтын БҰҰ мамандандырылған агенттігі. Ұйым жаһандық радио спектрін және спутниктік орбиталарды бөлуді басқарып, желілер мен технологиялардың кедергісіз өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін халықаралық техникалық стандарттарды әзірлейді. Қазақстан ұйымға 23 ақпан 1993 жылы қосылған.

Халықаралық электр байланысы одағының еліміздің ақпараттық-коммуникациялық технологияларын, цифрлық орнықтылығын, саясатын және реттеу шаралары деректерін бағалау бойынша есебінде, еліміздің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру бойынша ұсыныстар берген. Ұйым төтенше жағдайлардың алдын алу, жою және олардың салдарын жеңілдету үшін электр байланысын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану мәселесі бойынша ұлттық нормативтік-құқықтық база мен құқық қолдану практикасын байланыс операторларымен бірлесіп, төтенше жағдайлар кезінде қажетті барлық электр байланысы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялары инфрақұрылымының ықтимал тәуекелдері мен осалдықтарын картаға түсіру, сондай-ақ нақты, бірақ икемді іс-қимыл жоспарларын дайындауды ұсынған. [39, 83 б]

Бұл ұсынысты қарастыру маңызды, себебі 2024 жылы Атырау, Ақтөбе, Ақмола, Батыс Қазақстан, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында болған су тасқынына тікелей байланысты. Су тасқыны еліміздің төрт облысында

ұялы байланыс жүйелерінің жұмысын бұзуға алып келді. Төтенше жағдай базалық станцияларды электрмен жабдықтау және ажырату ұялы байланыс операторларының желілерінің жұмысына әсерін тигізген. Атырау облысының Құлсары қаласында бес базалық станция су астында қалып, байланыс басқа базалық станциялар есебінен қамтамасыз етілген [40]. Осыған сәйкес, Ұйым Қазақстанға апаттардың салдарын жеңілдету және көмек көрсету жөніндегі операцияларды жүзеге асыру үшін, телекоммуникациялық ресурстар беру туралы Тампере Конвенциясына қосылу мүмкіндігін қарастыруды ұсынған. [39, 83 б]

Қазақстан аталған Тампере Конвенциясына қатысушы болып табылмайды. Конвенция төтенше жағдайларға тиімді ден қою үшін телекоммуникациялық ресурстарды пайдалануға жәрдемдесуді және Халықаралық электр байланысы одағын қоса алғанда, БҰҰ пайдалануы үшін телекоммуникациялық жүйелерді орнату және пайдалану мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты көздейді.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (әрі қарай-ЭЫДҰ) әлемдегі елдердің экономикалық ілгерілеуі мен әл-ауқатына ықпал ететін халықаралық ұйым болып табылады. Ұйым цифрлық экономика, киберқауіпсіздік және деректерді қорғау сияқты көптеген аспектілерге қатысты ұсыныстар мен стандарттарды әзірлейді. Өз қызметі барысында мемлекеттерге ұлттық заңнамаларын халықаралық стандарттарға бейімдеуге көмектесетін зерттеулер мен ұсыныстарды жариялайды. Еліміз аталған ұйымның мүшесі болып табылмаса да, стратегиялық әріптестік бағдарламасы шеңберінде ұйыммен белсенді ынтымақтасады.

ЭЫДҰ 2023 жылға жариялаған «Қазақстандағы бизнесті цифрлық трансформациялау үшін негіздемелік жағдайларды жақсарту» есебінде, елімізде нормативтік-құқықтық базаны өзгерту және жеңілдету қарқыны тым төмен екенін және заңнамаға жиі түзетулер енгізілуі кәсіпорындар үшін қосымша кедергілердің пайда болуының алдын алмайтынын атап өткен. Бұл өз кезегінде 2015 жылы қабылданған Ақпараттандыру туралы заңы мен «Қазақстанның кибер қалқаны» бағдарламасы сияқты киберқауіпсіздік саласында жаңадан қабылданған нормаларға қарамастан, кәсіпорындардың цифрлық мәдениеті нашар дамығанын және жеке сектор басқаратын цифрлық қауіпсіздікті басқару саласындағы бірнеше бастамалармен ғана сипатталатынын көрсеткен.

Елімізде экономиканы цифрландыру мен интернетке қол жетімділікті арттыру бойынша жұмыстар жасалып жатқанымен, байланыс сапасы қажетті деңгейден төмен болуына байланысты құқық бұзушылықтар саны азаяр емес. Кең жолақты интернетке қолжетімділік Ақтөбе облысында 4,3%, Атырау облысында 15,2%-ға дейін аралықты қамтыған. Ұйым жүргізген зерттеуде сандар одан да төмен болуы мүмкін екенін көрсеткен. Осының себептерінің бірі қалалық және ауылдық желілер ретінде тұрақты алшақтық болуы болып табылады. Жоғары сапалы тіркелген кең жолақты абоненттерде деректерді қабылдау мен берудің орташа жылдамдығы кемінде 206,6 мбит/с құраса, қалған 46 % абоненттер 10 мбит/с-тан төмен интернетке қол жеткізе алған. ЭЫДҰ жүргізген зерттеулер ірі қалаларда да интернетке қосылу жылдамдығы

коммерциялық мақсатта пайдалану үшін қажетті деңгейге жетпеуі мүмкін екенін көрсеткен. [41, 26-27 б]

ҚР ӘҚБтК 31-тарауы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істеріне талдау жасалған кезде, құқық бұзушылықтардың себебі-байланыс сапасының нашар болуы болған. Шымкент қаласы мен Түркістан облысы тұрғындарының өтініші бойынша, уәкілетті орган пайдаланушыларға сапа стандарттарына, техникалық нормаларға, байланыс қызметтерін ұсыну шарттары бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізген. Нәтижесінде байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштері министрлік бұйрығына сәйкес емес болған.

Одан бөлек, Алматы қаласының Алатау, Жетісу және Әуезов аудандарында интернет желісіне қол жеткізу қызметтерінің сапа көрсеткіштерін талдау кезінде, 4G технологиясындағы FTP серверінен деректерді жүктеудің орташа жылдамдығы көрсеткіштерінің үлесінің нормаланған параметрінің бұзылуы (62 сынақ сессиясында табысты сессиялардың жалпы санынан 38 сессиядан 5 Мбит/м-ден аз тіркелген, бұл норма 10% - дан кем болғанда 61,29% құраған) тіркелген. Сонымен қатар құқық бұзушылықтар Медеу және Бостандық аудандарында ұялы байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштерін талдау барысында сәтсіз қоңыраулар үлесінің бұзылуы (10% норма кезінде 29,0% тіркелген), сондай-ақ қосылымды орнатудың орташа уақытының бұзылуы, сондай-ақ 4G технологиясындағы FTP серверінің деректерін жүктеудің орташа жылдамдығы көрсеткіші мәндерінің үлесінің нормаланған параметрінің бұзылуы тіркелген.

Қазақстан үшін ЭЫДҰ ұсынымдарында көрсетілген негізгі бағыттардың бірі - цифрлық инфрақұрылымды нығайту қажеттілігі болып табылады. Байланыс сапасының төмен болуы, цифрлық экономиканың дамуына ғана емес, сонымен қатар құқық бұзушылықтардың артуына да алып келеді. ЭЫДҰ ұсынымдары мен АҚШ-тың әмбебап қызметтерді қамтамасыз ету бойынша тәжірибесін еліміздегі реттеуші орган ретіндегі ҚР ЦДИАӨМ рөлін күшейтуге және әмбебап қызмет көрсету стандарттарының сақталуын бақылау тетіктерін және компаниялардың осы стандарттарды бұзғаны үшін жауапкершілігін қарастыру тұсында енгізуге болады.

ЭЫДҰ есебінде нормативтік-құқықтық базадағы өзгерістер желілердің жылдам кеңеюіне және олардың сапасын жақсартуға ықпал етуі мүмкін екендігін ұсынған. Ұйым Қазақстанның байланыс саласындағы қолданыстағы заңнамасы және басым операторларға қолайлы нормативтік-құқықтық талаптар, провайдерлерді қосымша жоғары шығындарға мәжбүр ететінін келтірген. Байланыс туралы заңының 15-бабына сәйкес, байланыс операторлары «байланыс желілерінде жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізудің ұйымдастырушылық және техникалық мүмкіндіктерімен қамтамасыз етуге» міндетті екендігі көзделген [11]. Осыған сәйкес, әрбір оператор өзінің телекоммуникациялық желісі мен жабдығының құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтерге коммерциялық желілерден деректерге тікелей қол жеткізуге мүмкіндік беретін, жедел-ізвестіру іс-шаралары жүйесінің архитектурасымен үйлесімділігін қамтамасыз етуге міндетті болып табылады. Дегенмен, ұйым жүргізген зерттеуде, бұл талаптар әлеуетті қатысушылар үшін

жоғары шығындарға байланысты жаңа операторлардың нарыққа шығуы үшін негізгі кедергілердің бірі екенін анықтаған. [41, 39 б]

ЭЫДҰ зерттеуінде телекоммуникация нарығын экономикалық реттеумен айналысатын тәуелсіз орган құрудың маңыздылығын атап көрсетеді [41, 40 б]. Осындай органды құру бәсекелестікті ынталандыруы, бағаны төмендетуі, кең жолақты және мобильді желілерді қамту аймағын кеңейтуге, нарықты монополиясыздандыруға ықпал ете алатынын ұсынған.

Құқықтық тұрғыдан байланыс нарығында тәуелсіз реттеуші органды құру, осы саланы тиімді және ашық реттеуді қамтамасыз ету үшін ҚР Байланыс туралы заңына өзгерістер енгізуге болады. Осындай тәжірибе Мексикада 2013 жылы федералды телекоммуникация институты (ITF) тәуелсіз телекоммуникация және хабар тарату секторының реттеушісі құрылған. IFT кәсіпорындарға санкциялар енгізу өкілеттіктеріне ие болған. Радио, теледидар, ұялы байланыс, Интернет немесе кабельдік теледидар нарықтарындағы акциялардың 50% - дан астамын иеленетін кез-келген компанияға және нарықта үстем жағдайға ие компанияларға қатысты юрисдикция берілген. Алғашқы құқық бұзушылықтар үшін алынған кірістің 6%, қайталанғаны үшін 12% айыппұлдар, сондай-ақ активтерді сату туралы бұйрық және концессияларды қайтарып алу түріндегі санкцияларды қолдана алады. [41, 41-42 б]

ЭЫДҰ зерттеулерінде телекоммуникация қызметтері мен инфрақұрылым секторындағы қызметті лицензиялау процедуралары шағын операторлар үшін кедергі болып табылатыны көрсетілген. Байланыс саласындағы қызметтердің барлығы Телекоммуникация комитеті тарапынан лицензиялауға жатады. Жалпы ҚР 16 мамыр 2014 жылғы Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңында қызметтің қауіптілік деңгейіне байланысты қызметті жүргізуге рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі көзделген.

ЭЫДҰ зерттеулері радиожилік спектрін лицензиялау процедуралары тым күрделі болып қалатынын және сұранысты қанағаттандырмайтынын көрсеткен [41, 45 б]. Жиліктер белдеулерін, радиожиліктерді (радиожилік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жилікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 34 бұйрығына сәйкес, радиожилік спектріне рұқсат Салық кодексіне сәйкес, пайдаланғаны үшін жыл сайынғы төлем шартымен қолданылады.

ЭЫДҰ зерттеуіне сәйкес, рұқсаттар бір жылға беріледі және жыл сайынғы жаңартуды талап етеді. Радиожилік спектрлері ҚР Байланыс туралы заңның 12-бабының 3 тармағына сәйкес, конкурстық негізде берілетіні қарастырылған. ЭЫДҰ зерттеуінде осы мәселе көтеріліп, бұл жаңа операторлардың нарыққа шығуына кедергі келтіретін қаржылық кедергілермен, соның ішінде жоғары күрделі шығындар алып келетінін көрсеткен. Мысалы, Германияның 1996 жылғы Телекоммуникация туралы заңының 92-бабында, жиліктер әдетте белгілі бір мерзімге бөлінетіні және сымсыз кең жолақты қызметтер үшін келісілген жиліктер кем дегенде 15 жылға берілетіні көрсетілген [42]. Ресей Федерациясының Байланыс туралы заңның негізінде жасалған радиожиліктерді

немесе радиожилік арналарын беру (тағайындау) тәртібіне сәйкес, радиожиліктерді немесе радиожилік арналарын берудің жалпы қолданылу мерзімі 10 жылдан аспауға тиіс екендігі көзделген. [43]

Жалпы, шетел тәжірибесі мен халықаралық ұйымдардың зерттеулерін қарастыру, еліміздің Ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңдарын дамытуға және қайта қарауға негіз болатын біраз тәжірибенің бар екенін көрсетті.

2 Ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті іске асырудың ерекшеліктері мен заңнаманы жетілдіру жолдары

2.1 Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау мәселелері мен әкімшілік іс жүргізудің ерекшеліктері

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, дербес деректерді, мемлекеттің маңызды инфрақұрылымы мен жүйелерін қорғау мәселесі өзекті әрі әр мемлекеттің басты міндетіне айналып отыр. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау және құқықтық реттеу, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Мемлекет қызметінің маңызды элементтерінің бірі бақылау-қадағалау қызметі болып саналады. Мемлекет заңдардың орындалуын, мемлекеттің заңды мүдделері, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ету үшін, мемлекеттік органдар арқылы бақылау-қадағалау қызметін жүзеге асырады. Д.В.Иванов әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану құқығын барлығы емес, тек атқарушы биліктің арнайы уәкілетті органдары пайдаланады. Бұл мәжбүрлеу шараларын қолдануды бақылау мен қадағалауды жеңілдетеді. Әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша ерікті түрде өкілеттік беру заңдылықты өрескел бұзу болып табылады, -деген түсінік берген. [19, 9 б]

ӘҚБТК-нің 31-тарауындағы ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды соттардан бөлек, ӘҚБТК-нің 692-бабына сәйкес, Байланыс және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган және 692-2 бабына сәйкес, Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органдар қарайды. Аталған уәкілетті органдар ҚР ЦДИАӨМ Ақпараттық қауіпсіздік комитеті мен Телекоммуникация комитетінің құрамына кіреді. Сонымен қатар ҚР ЦДИАӨМ-не аталған комитеттерден бөлек, Жасанды интеллект және инновацияларды дамыту комитеті, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, Аэроғарыш комитеті кіреді.

Д. В. Иванов: «әкімшілік қадағалау белгілі бір заңды құбылыс ретінде тәуелсіз әкімшілік құқық институты», -деген түсінік беру арқылы, әкімшілік қадағалау арнайы мемлекеттік органдардың заң бұзушылықтарды үздіксіз және жүйелі бақылауынан тұратынын, бақылау жұмыстың заңдылығы мен орындылығын бақылаудан, оны ғылыми, құқықтық, әлеуметтік-саяси және ұйымдастырушылық-техникалық тұрғыдан бағалаудан тұратынын айтқан. [19, 28 б]

Әкімшілік құқық бұзушылық істерін қарау және тиісті жаза шараларын қолдану өкілеттігі тұрғысынан алғанда, соттар ӘҚБТК-нің 637-бабының (8, 9, 10 және 13-ші бөліктерінде), 638-бабының 2-бөлігіндегі істерді қарайды. Байланыс және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган ӘҚБТК-нің 637-бабының (1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 11, 12, 14 және 15-бөліктеріндегі), 638-бабының (1-бөлігінде) белгіленген әкімшілік құқық бұзушылық істерін қарастырады. Ақпараттық

қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган ӘҚБТК-нің 639, 640, 641-баптарындағы белгіленген әкімшілік құқық бұзушылық істерін қарайды.

ҚР ЦДИАӨМ Телекоммуникациялар комитеті уәкілетті орган ретінде министрліктің іске асырушылық және бақылау қызметтерін атқаратын ведомство болып табылады. ҚР ЦДИАӨМ Телекоммуникация комитеті өз қызметі барысында: радиожииліктерді және жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану тәртібін бекітеді; байланыс саласындағы заң бұзушылықтар анықталғанда тиісті ескертулер жібереді; байланыс операторлары көрсететін қызметтердің сапасын тексереді; азаматтық мақсатта қолданылатын құрылғылар үшін радиожиилікті пайдалануға рұқсат береді; сондай-ақ еліміздегі радиожиилік пен құрылғылардың қолданылуына тұрақты бақылау жүргізеді; тарифтерді қалыптастыру қағидаларын әзірлеу; пошта байланысы қызметтерін ұсыну жөніндегі ҚР заңнамасының сақталуына бақылау функцияларын жүзеге асырады. [44]

Ақпараттық қауіпсіздік комитеті елдегі ақпараттық қауіпсіздік саясатын қалыптастырып, мемлекеттік ақпараттық жүйелердің ішкі және сыртқы қауіптерден қорғалуын қамтамасыз етеді. Комитеттің қызметіне келесі міндеттер кіреді: мемлекеттік органдар мен азаматтардың ақпараттық қауіпсіздік жағдайын бақылау; түрлі сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қауіптердің алдын алу және оларға шұғыл әрекет ету; ақпараттық жүйелер мен киберқауіпсіздікке қойылған ортақ талаптардың сақталуын бақылау; ақпараттық жүйелерге аудит жүргізу тәртібін мақұлдау; мемлекеттік органдардың мәліметтерді жинау, сақтау және өңдеу тәртібін келісу; сонымен қатар заң бұзушылық анықталған жағдайда тиісті нұсқамалар берумен айналысады. [45]

Мемлекет бақылау-қадағалау функциясын жүзеге асыратын болғандықтан, бақылауды белгілі әдіс-тәсілдермен жүргізеді. Дегенмен, осы туралы Д.В.Иванов мемлекеттік бақылаудың нақты әдістері мен формалары әдебиетте және заңнамалық деңгейде белгіленбегенін атап өткен. Өз монографиясында М.Л.Баранов пен А.З.Завалунов сынды ғалымдардың пікірін келтіре отырып, мемлекеттік бақылаудың нысандары: тексеру, инспекциялау, ревизия, сараптама және мониторинг болып табылатынын көрсеткен [19, 33 б]. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау әдістеріне, ұйымдардың қызметін жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер, аудит пен мониторинг жатады. Аудитті ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкестікті, құжаттарды бағалауды, тәуекелдерді талдауды, ақпараттық технология мен жүйелердің мақсаттары мен міндеттерінің сәйкестігін және қорғалу деңгейін анықтау мақсатында ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган жүргізеді. Мониторинг – бұл байланыс саласындағы қызметтің сапасын қадағалау үшін жүргізілетін бақылау шарасы. Ол ұялы байланыстың сапасын, радиожииліктердің, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың жағдайын тексеру арқылы жүзеге асырылады. Осы әдістер аталған саладағы заңнаманың сақталу деңгейін анықтау мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Телекоммуникация комитеті байланыс қызметтерін көрсету сапасын бақылауды, соның ішінде азаматтардың өтініші негізінде ұялы байланыс сапасын жоспардан тыс тексеруді жүзеге асырады. Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметінше, 2023 жылы байланыс операторларына жоспардан тыс 763 тексеру жүргізіліп, жалпы сомасы 3 миллиард 18 миллион теңге айыппұл салынған. 2020 жылы 93 тексеру жүргізіліп, жалпы сомасы 23,9 миллион теңге көлемінде айыппұл; 2021 жылы 562 тексеру жүргізіліп, жалпы сомасы 132 миллион теңге айыппұл; 2022 жылы 1175 тексеру жүргізіліп, жалпы сомасы 1,6 миллиард теңге айыппұл салынған. [46]

Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің 2024 жылғы мәліметінше, комитет ҚР Ақпараттандыру саласындағы заңнамасының сақталуына жоспардан тыс 26 тексеріс жүргізген. Тексеріс бойынша 7 заңды тұлғаға 1 006 070 теңге, 11 лауазымды тұлғаға 304 590 теңге әкімшілік айыппұл салынған. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарын бұзғаны үшін 3 лауазымды тұлға 83 070 теңгеге, 1 жеке тұлға 18 460 теңгеге және 3 заңды тұлға 424 580 теңгеге айыппұл салынып, әкімшілік жауапкершілікке тартылған. [47]

Ақпараттандыру және байланыс саласында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, осы салада жасалып жатқан құқық бұзушылықтарды анықтаудың тиімді әдістерін қалыптастыруды қажет етеді. Дегенмен, осы саладағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау мен іс жүргізуде бірқатар мәселелер бар. А.К.Дубень осы саладағы құқық қолданудың, әкімшілік жауапкершілікке тартудың негізгі мәселелерін келесідей сипаттаған.

Ақпараттық саладағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікке тартудың негізгі мәселесі - қаралып отырған құқық бұзушылықтар санатын тергеу және сот талқылауының төмен тиімділігімен байланысты екендігін атап өткен [20]. Бұл құқық бұзушылықтардың ашылмауына немесе сотта дұрыс қаралмауына әкелуі мүмкін екенін және соттардың осы саладағы құзыретінің шектеулі екенін көрсетеді. Б.Г.Рысай болса, әкімшілік тергеу процедурасының ақпараттық саладағы тиімділігі төмен екенін, ол ақпараттық құқық бұзушылықтардың жоғары латенттілік деңгейімен, құқық бұзушылықтарды жасаудың әртүрлі тәсілдерімен, ақпараттық құқық бұзушылықтың жасалған орны мен уақытын анықтаудың күрделілігімен байланысты екенін атап өткен [22]. Сонымен қатар автор, Ресей Федерациясының Әкімшілік Кодексінің 13.14-бабына сәйкес, қол жетімділігі шектеулі ақпаратты жариялау қол жетімділігі шектеулі ақпаратты алған сәттен бастап емес, нақты оқиға басталған сәттен бастап жасалуы мүмкін. Әдетте, мұндай істер тексерулер нәтижесінде немесе жасалған құқық бұзушылық фактісі бойынша алынған мәліметтер негізінде қозғалатынын айтқан. [22]

Телекоммуникация комитетіне Астана қаласының интернет байланысы сапасына қатысты азаматтардың өтініштері негізінде «Мобайл Телеком-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізілген. Интернет желісіне қол жеткізу қызметтерінің сапа көрсеткіштері 4G технологиясындағы FTP серверінен деректерді жүктеудің орташа жылдамдығы көрсеткіші үлесінің нормаланған параметрін бұзу тіркеліп, 2022 жылғы 23,24,25

қарашадағы ұялы байланыс қызметтері сапасының техникалық параметрлерін өлшеу нәтижелері туралы есептермен расталған. [48]

Дәл осындай негіз бойынша қаралған №7199-23-00-3а/179-ісінде де Астана қаласының тұрғындарының өтініші негізінде «Мобайл Телеком-Сервис» құқық бұзушылығы анықталған. R&S freerider IV радио бақылау кешені өлшеу кешенінің сәйкестендіру деректері, тағы бір істерде уәкілетті орган Attach/Detach рәсімдері тек 2G технологиясында интернет байланысын тестілеу кезінде қолданылатынын түсіндірген. Сәйкесінше, осындай құқық бұзушылықтарды анықтау үшін интернеттің немесе жабдықтың сапасын талдау сияқты техникалық сараптамалар, салдардың басталуын тіркейтін және дәлелдей алатын құралдарды пайдалануды қажет ететінін көрсетеді.

Тараудағы құқық бұзушылықтардың басым бөлігі азаматтардың уәкілетті органдарға өтініштеріне негізінде немесе мониторинг арқылы анықталған. 637-баптағы көптеген құқық бұзушылықтар тек азаматтардың өтініштері арқылы анықталған, бұл құқық бұзушылықты анықтау азаматтардың белсенділігі байланысты екендігін және құқық бұзушылықтарды анықтаудағы кідірістердің бар екенін көрсетті. Мәселені шешу үшін уәкілетті органдар тарапынан азаматтардың өтініштеріне қарамастан мониторингілеудің неғұрлым белсенді тәсілін енгізу қажет, бұл құқық бұзушылықтарды уақтылы анықтауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, сандық технологияға деген тәуелділік және киберқауіп санының жыл сайын артуы жағдайында, құқық бұзушылықтарды тиімді анықтау аса маңызды болып отыр. Осыған орай 2017 жылдан бастап елдің ақпараттық кеңістігін қорғауға бағытталған «Қазақстанның Киберқалқаны» жобасы бекітілді. Қазақстан БҰҰ Халықаралық Телекоммуникация Одағының Жаһандық Киберқауіпсіздік Индексі (Global Cybersecurity Index) 2020 жылға жариялаған рейтингісінде, 182 мемлекеттің ішінен 31-орынға орныққан. [49]

«Мемлекеттік техникалық қызмет» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «МТҚ» АҚ) 2023 жылға жариялаған киберқылмыс және кибер тыңшылық бойынша шолуында, еліміздің ақпараттық қауіпсіздік саласында бірнеше оқиғалар болып, мемлекеттік ұйымдардың инфрақұрылымында шетелдік кибершпиондар анықталған. «МТҚ» АҚ мен ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі-ҚР ҰҚК) бірлесе отырып, мемлекеттік органдардың инфрақұрылымдарынан құжаттарды жинау арқылы кибер тыңшылық жасаған хакерлер тобын анықтаған. Мемлекеттік қызметті алу үшін қолданылатын NSALayer бағдарламалық жасақтамасына зиянды бағдарлама орнатылған. Аталған зиянды бағдарламалық жасақтаманы орнату бойынша 2023 жылдың қыркүйек айында ncalayer.info/update.php, фишингтік интернет-ресурс анықталып, оны ашқан кезде NSALayer үшін жаңарту деген атпен «Trojan Downloader» сияқты зиянды бағдарлама жүктеліп және іске қосылған. [50]

Мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымдарына хакерлік шабуылдар, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды бұза отырып, ақпараттарды ұрлайды. Аталған іс-әрекет антивирустық бағдарлама арқылы анықталған, бірақ мемлекеттік органдар

олардың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымдарына хакерлік кибер тыңшылық жасалып жатқанын білмеген. Ал фишингтік интернет-ресурстарға келетін болсақ, зиянды бағдарламалар компьютерлерге ене отырып, хакерлер компьютерді қашықтықтан басқара алуға, дербес деректерді ұрлауға, пайдаланушының веб-камерасы мен пернетақтасына, браузерге және басқа да бағдарламаларды орнатуға мүмкіндігі болады.

ТМД елдеріндегі 2023-2024 жылдардағы өзекті киберқауіптер зерттеуінде, 2023-2024 жылдары Қазақстанда киберқылмыс құрбандары: бұқаралық ақпарат құралдары (19%), мемлекеттік мекемелер (12%), қаржы ұйымдары (12%) және телекоммуникация (7%) болған [51]. Елімізде кибершабуылдарды талдау және тергеу орталығы (бұдан әрі - КТТО) киберқауіпсіздік саласындағы қызметімен танымал. Орталық киберқауіптерді бақылау және оқиғаларды талдау үшін арнайы бағдарламалық құралды пайдалана алады. Ақпараттық жүйелердің кешенді аудиті (барлық талаптардың сәйкестігін тексеруді қамтитын ақпараттық жүйелердің кешенді аудиті), ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесін енгізу (ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған халықаралық ISO 27001:2013 стандартын енгізеді), ену тесті (Пентест) яғни шабуылдаушының шабуылын модельдеу арқылы қауіпсіздікті бағалау әдістері қызметтерін көрсетеді.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтауда уәкілетті органдар, «МТҚ» АҚ, КТТО-нан бөлек, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және киберқылмыстарды анықтауда, мониторинг пен талдау жүргізу, сондай-ақ жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізетін ҰҚК-нің алатын маңызы зор. КТТО қытайлық хакерлердің Қазақстанның маңызды IT-инфрақұрылымына шабуыл жасауы туралы хабарламасы негізінде, ҰҚК-і ҚР ЦДИАӨМ бірге, қытайлық кибершпиондардың қызметі және қазақстандықтардың деректерінің таралуы фактісі негіздері бойынша тексеру жүргізген. [52]

Ақпараттық қауіпсіздік бойынша статистикалық деректерге сүйенетін болсақ, 2023 жылдың қаңтар айынан бастап «МТҚ» АҚ ақпараттық қауіпсіздікке төнген қатерлер мен инциденттер бойынша 35 мыңға жуық өтінімді тіркеген. Соның ішінде зиянды бағдарламалық жасақтама бойынша - 21 940, зиянды бағдарлама жұқтырған құрылғылардың компьютерлік желісі (ботнет) бойынша-4040, фишингтік шабуыл-2160, интернет-ресурсқа қолжетімділіктің болмауы-1090 оқиға тіркелген [50]. ҚР ЦДИАӨМ Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің 2023 жылы жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне сәйкес, құқық қорғау органдарына жүгінетіндер саны-10,79 %, IT-маманға жүгінетіндер-55,36 %, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органға өтініш жасайтындар саны-15,37 %, ештеңе істеуді қажет деп санамайтындар саны-3,70 % құрайды. [53]

Бүгінгі күні киберқауіпсіздік мәселелері бойынша халықтың хабардарлық деңгейі 80,4 % құрайды. Дегенмен, жоғарыдағы пайыздық көрсеткіштердің нәтижесі мен күнделікті азаматтардың кибершабуылдармен жолығып жатқан оқиғалары сәйкес келмейді. Азаматтар үшін ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері ашық

және түсінікті болуға тиіс. Деректерді жинаудың мақсаты, әдістері және оны қорғау шаралары туралы ақпарат берілу ашық болу керек, бұл өз кезегінде қоғамның мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін қалыптастырады.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау барысында әкімшілік іс жүргізудің өз ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер құқық бұзушылықтардың күрделілігімен, техникалық сипатымен және оларды анықтау мен дәлелдеуде арнайы білім мен техникалық құралдарды қолдану қажеттілігімен байланысты. Осы туралы А.В.Симаков: Ресей Федерациясының ӘҚБтК-нің 13-тарауының нормаларын құқық қолдану процесінде қолданудың күрделілігін, сот практикасында байланыс және ақпарат саласындағы терминология мен арнайы техникалық білімді меңгеру қажет екендігімен түсіндірген [21]. ҚР ӘҚБтК-нің 684-бабының 1-бөлігіне сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген соттардың судьялары, ҚР ӘҚБтК-нің 637-бабының (8, 9, 10 және 13-бөліктеріндегі істерді қарайды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға ҚР ӘҚБтК-нің 802-бабының 1-бөлігіне сәйкес:

1) «әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісін уәкілетті лауазымды адамның тікелей анықтауы;

2) құқық қорғау органдарынан, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан түскен материалдар;

3) жеке және заңды тұлғалардың хабарламалары немесе мәлімдемелері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар;

4) арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарының, сондай-ақ сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдары мен бақылау аспаптарының көрсеткіштері, оның ішінде автоматты режимде жұмыс істейтін және жолдағы жағдайды фото-, бейнетүсірілім арқылы, көлік құралының жүру жылдамдығы мен бағытын, жол жүрісіне басқа да қатысушылардың іс-қимылдарын айқындау арқылы автомобиль көлігі және жол жүрісі қауіпсіздігі саласында әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалуын тіркейтін бақылау аспаптарының көрсеткіштері;

5) бақылау-өлшеу аппаратурасының және (немесе) радиотехникалық бақылау құралдарының көрсеткіштері себептер болып табылады». [15]

Әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ӘҚБтК-нің 803-бабының 1-бөлігіне сәйкес, хаттаманы уәкілеттілік берілген адамдар жазбаша және электрондық нысанда жасайды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама – бұл әкімшілік іс жүргізуді бастауға негіз болатын ресми құжат, өйткені ол тиісті құқық бұзушылықты жасау фактісін тіркейді және көрсетеді [54, 60 б]. Хаттамада әкімшілік құқық бұзушылықтың орны, уақыты, мәні, құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылық көзделген бап, істің қаралатын уақыты мен орны және басқа да мән-жайлар көрсетіледі. Хаттама жасалған кезде іс жүргізу тілі де анықталады.

ҚР ӘҚБтК-нің 804-бабының 1-бөлігінің 23 тармақшасына сәйкес, ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органы 637-бабының (8, 9, 10 және 13-бөліктері) және 638-бабының (2-бөлігі) бойынша әкімшілік

хаттама жасауға құқығы бар. Әкімшілік хаттама құқық бұзушылық орын алу фактісі анықталғаннан кейін дереу жасалады. ӘҚБтК-нің 812-бабының 1-бөлігіне сәйкес, «әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс оның жасалған жері бойынша, ал осы Кодексте көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау ведомстволық бағыныстылығына жататын уәкілетті органның (лауазымды адамның) орналасқан жері бойынша қаралады». [15]

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараудың жалпы тәртібі ӘҚБтК-нің 813-бабында реттелген. Жалпы лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылықтың өзінің құзыретіне жату, құқық бұзушылықты лауазымды тұлғаның қарауына кедергі келтіретін жағдайлардың бар-жоғын анықтау, өтінішхаттардың бар жоғы және тұлғалардың істің қаралу орны мен уақыты туралы хабарланғандығы туралы мәселелерді шешеді. Істер ӘҚБтК-нің 817-бабына сәйкес, он бес тәулік ішінде қаралады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік жаза қолдануға ӘҚБтК-нің 692-бабына сәйкес, соттардан бөлек, ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органдар қараған кезде, «ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары және ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарының басшылары құқылы» [15]. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган ӘҚБтК-нің 640, 641-баптарындағы құқық бұзушылықтарды қарай отырып, әкімшілік жазаларды ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласына жауапты уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары, сондай-ақ осы органның ведомствосы басшысы мен оның орынбасарлары қолдануға құқылы. [15]

Жоғарыдағы баптардан соттардың аталған тараудағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарау аясы тар екенін көруге болады. Тараудағы істердің көп бөлігін уәкілетті органдар қарайтын болғандықтан, ҚР ЦДИАӨМ статистикалық есептеріне сәйкес, ӘҚБтК-нің 637-бабы бойынша 233-әкімшілік құқық бұзушылық тіркелген. 8-іс сотпен қаралса, 219- іс уәкілетті органдармен қаралған. 223-істе әкімшілік жаза қолданылған, соның ішінде 2-іс бойынша ескерту, 217-іс бойынша айыппұл, 4-істе рұқсаттан айыру не оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен шығару қолданылған. Жалпы бап бойынша 568 679 660 теңге көлемінде айыппұл салынып, соның 426 569 560 теңгесі өндірілген. Соттар салған және өндірілген айыппұл сомасы – 738 400 теңге.

ӘҚБтК-нің 640-бабы бойынша 12-әкімшілік құқық бұзушылық тіркеліп, барлығы уәкілетті органдармен қаралған. 11-жеке тұлға жауаптылыққа тартылып, айыппұл салынған. Жалпы 323 050 теңге көлемінде айыппұл салынып, соның 452 270 теңгесі өндірілген.

ӘҚБтК-нің 641-бабы 1-бөлігі бойынша 165-әкімшілік құқық бұзушылық тіркеліп, 2-іс сотпен, 163-уәкілетті органдармен қаралған. 79-заңды тұлға жауаптылыққа тартылып, 85-істе айыппұл салынған. Жалпы 8 796 190 теңге көлемінде айыппұл салынып, 7 347 080 теңгесі өндірілген. Соттар салған айыппұл сомасы – 166 140 теңге, ал өндірілгені – 110 760 теңгені құраған. [18]

Жоғарыдағы статистикалық дерек, осы саладағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазаны қолдану мен істерді қарауда уәкілетті органдардың

құзыретінің көп екенін көрсетіп отыр. Әкімшілік жазалар жасалған заң бұзушылық үшін қолданылатын мемлекеттің қолданатын заңды әрекеті әрі бұл шаралар қоғамдағы әділеттілікті орнату, құқық бұзған адамды заңды құрметтеуге үйрету және болашақта оның немесе басқа азаматтардың қайта құқық бұзбауына жол бермеу үшін қолданылады. [54, 99 б]

Осы тараудағы әкімшілік жаза мөлшері құқық бұзушылыққа сай келе бермейді. ӘҚБтК-нің 637-бабының 1-7-бөліктері үшін айыппұл көзделген, яғни осы құқық бұзушылықтарды уәкілетті органдар қарайды. Ал осы баптың 8-бөлігі үшін байланыс саласында қызметтер ұсынуға арналған лицензияны тоқтата тұру түріндегі әкімшілік жаза көзделіп, оны соттар ғана қолдана алады. Аталған баптың 9,10-бөлігі бойынша сот әкімшілік жаза ретінде радиожилік спектрін пайдалануға берілген рұқсаттан айыруды қолданады. 11,12-бөлікте айыппұл, ескерту көзделсе, 13-бөлікте соттар айыппұлды қолданады. 14,15-бөліктер бойынша айыппұлды уәкілетті органдар қолданады. 638-баптың 1-бөлігі бойынша ескерту, айыппұлды уәкілетті органдар қолданса, 638-баптың 2-бөлігі бойынша сертификатталмаған байланыс құралдары тәркілеу мен айыппұлды соттар салады.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган ӘҚБтК-нің 639, 640, 641-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарай отырып, әкімшілік жаза ретінде ескерту және айыппұлды қолданады. ӘҚБтК-нің 42-бабына сәйкес, «ескерту жасау, әкімшілік айыппұл, әкімшілік қамаққа алу негізгі әкімшілік жазалар ретінде ғана қолданылуы мүмкін. Арнайы құқықтан айыру, рұқсаттан айыру не оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау, қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу, сондай-ақ шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу негізгі, сол сияқты қосымша әкімшілік жазалар ретінде қолданылуы мүмкін». [15]

Зерттеуші ғалымдар әкімшілік құқық саласындағы еңбектерінде ақпараттық саладағы әкімшілік жаза түрлерінің тиімділігіне ерекше назар аударып келеді [1, 83 б]. Мысалы, ҚР ӘҚБтК 637-бабына сәйкес, 2022 жылғы 11 қыркүйектен бастап байланыс операторлары сапасыз мобильді байланыс пен интернет қызметтері үшін әкімшілік жауапкершілікке тартыла бастады. Сол жылы Батыс Қазақстан облысында мемлекеттік органдардың жүргізген 56 тексеруінің нәтижесінде, ұялы байланыс компанияларына жалпы сомасы 46 миллион теңге көлемінде айыппұл салынған. [55]

31-тараудағы құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдың жиі қолданылуы, тиімді шара болып табылмайды. Мысалы, 2023 жылдың алғашқы бес айында байланыс операторлары байланыс қызметтері арқылы шамамен 486 миллиард теңге табыс тапқан [56]. Ал Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2023 жылдың қаңтар-сәуір айларында пошта және курьерлік қызметтерден түскен кіріс 242 миллион теңгені құраған [57]. Бұл ресми деректер байланыс және ақпараттандыру саласында қызмет көрсететін субъектілерге қатысты қолданылып отырған әкімшілік жазалардың жеткілікті құқықтық әсер етпей отырғанын байқатады. Осыған байланысты бірқатар зерттеушілер әкімшілік

мәжбүрлеудің арнайы түрі ретінде процедуралық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын бөліп көрсетіп, бұзылған тәртіпті қалпына келтіруге және келтірілген зиянның орнын толтыруға бағытталған жаңа құқықтық тетіктерді енгізуді ұсынады. Мұндай жағдайларда әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің мәні арта түседі, әрі бұл салада тиімді құқықтық реттеуді қамтамасыз етудің бірқатар өзекті мәселелері бар екендігін көрсетеді. [31, 85 б]

Осы тұста, А.К.Дубеньнің әкімшілік айыппұл туралы пікірі маңызды. А.К.Дубень әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тағайындалған әкімшілік айыппұлдардың мөлшері, жалпы алғанда, әкімшілік жазаның мақсаттарына қол жеткізуге сәйкес келмейтінін, ақпараттық саладағы құқықтық салдарлар нақты залалдан бірнеше есе асып түсетінін атап өтіп, мәселені шешу үшін отандық заң шығарушы ақпараттық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті тұлғалардың сараптамасы мен бағалауын пайдалана отырып, әкімшілік жазаның тәртібі мен реттілігін қайта қарауы қажет деген ұсыныс жасаған [20]. Бұл пікірмен келісуге болады, себебі, еліміздегі құқық бұзушылықтар үшін салынып жатқан айыппұл құқық бұзушылықтардың алдын алып жатқан жоқ. Құқық бұзушылықтардың біраз бөлігі айыппұлмен шектелген. Заң шығарушы енгізген әкімшілік мәжбүрлеу шараларының құқықтық әсері жеткіліксіз болып табылады. Сондықтан жауапкершілікті күшейту мақсатында айыппұлдан гөрі қызметті уақытша тоқтату, арнайы құқықтардан, лицензиядан немесе рұқсаттардан айыру сияқты қатаң шараларды қолдану қажет екенін көрсетті. [31,85 б]

2.2 Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша сот практикасын талдау: құқық қолдану мәселелерін жетілдіру жолдары

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша сот практикасы құқықтағы ерекше үрдістерді көрсетеді. Сот практикасы саланы реттейтін заңнама нормаларын түсіндіру мен қолданудың негізгі тетігі болып табылады. Дегенмен, соттар байланыс сапасы мен қызметтерді лицензиялау, радиожилілік спектрлерін пайдалану қағидаларын сақтау түріндегі техникалық және құқықтық мәселелерді қатар түсіндірумен кездеседі. Яғни, соттар аталған саланы реттейтін құқықтық нормаларды қолдануымен қатар, ақпараттық технологиялардың қызметін түсіну қажет. А.В.Симаков Ресей Федерациясының ӘҚБтК-нің 13-тарауының нормаларын құқық қолдану процесінде қолданудың күрделілігін сот практикасында байланыс және ақпарат саласындағы терминология мен арнайы техникалық білімді меңгеру қажет екендігімен түсіндіруге болады деген қорытындылар жасаған. [21, 123 б]

ӘҚБтК-нің 637-бабы бойынша 2020-2024 жылдар аралығында соттар қараған 53-іске құқықтық талдау жүргізетін болсақ, ӘҚБтК-нің 637-бабының 8-бөлігі бойынша 6-іс, 9-бөлігі бойынша 4-іс, 10-бөлігі бойынша 8-іс қаралған. Сонымен қатар соттар ӘҚБтК-нің 637-бабының 1-бөлігінің 12 тармағы бойынша 1-іс, 1-бөлігінің 13 тармағы бойынша 2-іс, 2-бөлігі бойынша 7-іс, 7-бөлігі бойынша 7-іс және 15-бөлігі бойынша 17-істі қараған. Соттардың

ӘҚБТК-нің 638-бабы бойынша 2020-2024 жылдар аралығында қараған істер бойынша сот практикасы жоқ.

ӘҚБТК-нің 637-бабының 8-бөлігі бойынша 2020 жылы тіркелген 6-істің 5-і бірінші сатыдағы сотта, 1-і апелляциялық сатыдағы сотта Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Ақтау қалаларында қаралған. Істер бойынша уәкілетті орган ретінде «ҚР ЦДИАӨМ Телекоммуникация комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы, Ақмола, Қарағанды, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау облыстары бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы» Республикалық мемлекеттік мекемелері (бұдан әрі - РММ) қатысқан. Құқық бұзушылық жасаған байланыс операторлары, «Kaztransnet», «NETRING-Service», «Бикада», «Аброй», «SCS-Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері (бұдан әрі - ЖШС) аталған бап бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Құқық бұзушылық ӘҚБТК-нің 637-бабының 8-бөлігі бойынша ҚР Байланыс туралы заңының 15-бабы 1 тармағының 4 тармақшасындағы, «уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындаған, байланыс желілері мен құралдарына қойылатын талаптарға және тәртіпке сәйкес жедел-іздігі, қарсы барлау іс-шараларын техникалық тұрғыдан жүргізу үшін өзінің телекоммуникациялық жабдығының функцияларын өз қаражаты немесе тартылған қаражат есебінен қамтамасыз етуге» міндеттілігін бұзғаны үшін туындаған. [11]

Құқық бұзушылық ҚР ЦДИАӨМ Телекоммуникация комитетінің өңіраралық байланыс инспекцияларының және ҚР ҰҚК тексерістері нәтижесінде анықталған. Байланыс операторлары аумағында, өзінің жергілікті телекоммуникация телефон желісінде жедел-іздігі іс-шараларының құралын орнатпауы салдарынан, әкімшілік құқық бұзушылық орын алған. Сонымен қатар оператордың, желі торабында жедел-іздігі іс-шараларын ұйымдастыру үшін коммутациялық жабдыққа сәйкестік сертификаты да болмаған.

Апелляциялық сатыдағы сотта қаралған бір іс бойынша, апелляциялық сот алқасы бірінші сатыдағы соттың позициясымен келіскен. ЖШС қызметі барысында өзінің жергілікті телекоммуникация телефон желісінде жедел-іздігі іс-шараларының құралын орнатпаған. Инспекция ӘҚБТК-нің 637-бабының 7-бөлігі бойынша әкімшілік хаттама толтырған. Операторлардың кінәсі тексеру нәтижелері туралы актімен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен, уәкілетті органдардың хатымен және сот отырысында мұқият зерттелген материалдарымен расталған.

Барлық істерде құқық бұзушылық бойынша әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанған. Бірінші сатыдағы соттар осындай негіздегі істер бойынша, байланыс саласында қызмет көрсетуге лицензияны бір ай мерзімге тоқтата тұру туралы әкімшілік жазаны қолданған. Себебі, байланыс қызметтерін көрсететін құқық бұзушылар ӘҚБТК-нің 637-бабының 7-бөлігін бір жыл ішінде қайта бұзған. ӘҚБТК-нің 637-бабының 8-бөлігіне сәйкес, бір жыл ішінде қайталанған құқық бұзушылықтар үшін байланыс қызметтерін көрсетуге берілген лицензияның қолданылуын уақытша

тоқтату түріндегі әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Барлық істер бойынша соттар бірдей позицияны ұстанған.

ӘҚБтК-нің 637-бабының 9-бөлігі бойынша 4-істің 3-і бірінші сатыдағы сотта, ал 1-іс апелляциялық сатыдағы сотта Қарағанды, Қызылорда, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында қаралған. Барлық істер бойынша құқық бұзушы - «Востоктелеком» ЖШС-і. Жоспардан тыс тексеру барысында ЖШС-тің ҚР радиожилік спектрін пайдалану мен байланыс желілерін рұқсатта көрсетілген елді мекендер мен аумақтарда байланыс қызметтерін ұсыну міндеттерін орындау мақсатында тексеру мен өлшеу жүргізілген. Тексеру нәтижесінде рұқсатта көрсетілген елді мекендер мен аумақтарда ЖШС байланыс қызметтерімен, оның ішінде елді мекендерде интернетке кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету бойынша міндеттемесін орындамаған.

ЖШС өкілдері ӘҚБтК-нің 637-бабының 9-бөлігі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың негізсіз болып табылатынын, себебі, ӘҚБтК-нің 637-бабының 9-бөлігінің диспозициясында көзделгендей, ЖШС ұялы байланыс операторы болып табылмайтындығын және оператор ретіндегі ұялы байланысқа лицензиясы жоқ екендігін және әкімшілік құқық бұзушылық құрамы анықталмағанын негізге ала отырып, іс жүргізуді тоқтатуды сұраған. Уәкілетті органның өкілдері ЖШС-ке ҚР радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат берілгендіктен, ЖШС ӘҚБтК-нің 637-бабының 9-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылуға жататынын алға тартқан. Рұқсатта тиісті елді мекендерді байланыс қызметтерімен, интернетке кең жолақты қолжетімділікпен белгілі (МГц) диапазонында, радиожилік спектрін пайдалануы арқылы қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелері көрсетілгенін келтірген. Сәйкесінше, рұқсатта көзделген міндеттерді орындамауына байланысты, ЖШС-ке қатысты ӘҚБтК 637-бабының 9-бөлігі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған.

Бірінші сатыдағы соттардың барлығы «Востоктелеком» ЖШС-не қатысты ӘҚБтК-нің 637-бабының 9-бөлігі бойынша жасалған әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама негізсіз болып табылатынын пайымдаған. Себебі, ӘҚБтК-нің 637-бабының 9-бөлігінің диспозициясында арнайы субъект, яғни ұялы байланыс операторы көзделгендіктен, «Востоктелеком» ЖШС-і ұялы байланыс операторы болып табылмайтындығын түсіндірген. Сот іске құқықтық баға беру кезінде, ҚР «Байланыс туралы» заңының 2-бабының 67 тармақшасына сәйкес, «ұялы байланыс операторы-байланыс қызметтерін көрсететін және (немесе) байланыс желілерін пайдаланатын, Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген жеке немесе заңды тұлға» екенін көрсеткен [11]. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының заңына 1-қосымшада, бірінші санаттағы рұқсаттардың (лицензиялардың) тізбесі байланыс саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне бөлінбейтін 1-сынып «ұялы байланыс» атауы бар лицензия жататыны көрсетілген. Сәйкесінше, ЖШС-тің ұялы байланыс қызметтерін көрсетуге лицензиясы жоқ екендігі, ҚР ЦДИАӨМ 2023 жылғы 3 шілдедегі жауабында ұсынылған.

Сот осы негіздер бойынша ЖШС-нің іс-әрекеттерінде ӘҚБтК 637-бабының 9-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық құрамы жоқ деп санай отырып, ӘҚБтК-нің 741-бабы 1-бөлігінің 2 тармақшасына сәйкес, істі тоқтатқан. Сонымен қатар Қарағанды, Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстарында қаралған «Востоктелеком» ЖШС-нің №2758-23-00-3/77, №3564-23-00-3/467, №4359-23-00-3/4397 істерінде, соттардың позициясы істер бойынша бірдей және әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылған.

ӘҚБтК-нің 637-бабының 9-бөлігі бойынша қаралған істер бойынша соттардың позициясымен ішінара келіспеуге болатын тұстар бар. «Востоктелеком» ЖШС-і ұялы байланыс операторы болмаса, онда оның міндеттері мен жауапкершілігі оның мәртебесіне сәйкес келуі керек. ЖШС-ке уәкілетті орган берген рұқсатқа сәйкес, интернетке кең жолақты қолжетімділікті қоса алғанда, байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелері нақты көрсетілген болса, онда ЖШС-ке белгілі бір міндеттемелерді жүктеуге болады деп санауға болады. ҚР Байланыс туралы заңының 12-бабының 6 тармағына сәйкес, «байланыс операторларына және радиожилік спектрін өндірісішілік қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануды көздейтін тұлғаларға радиожилік спектрін пайдалануға арналған рұқсаттар» берілуі мүмкін [11]. Радиожилік спектрін пайдалануға рұқсаттар басқа мақсаттар үшін пайдаланылса, ұялы байланыс операторы болып табылмайтын әртүрлі субъектілерге берілуі мүмкін.

ӘҚБтК-нің 637-бабы 9-бөлігінде құқық бұзушылықтың арнайы субъектісі, яғни байланыс операторы көзделген. ЖШС ұялы байланыс операторының мәртебесіне сәйкес келмегендіктен, оны осы бап бойынша жауапкершілікке тарту дұрыс болмауы мүмкін. Дегенмен, байланыс операторлары болып табылмайтын субъектілердің радиожилік спектрін қолданатын болғандықтан, ЖШС-тің іс-әрекетін бөлек баппен саралау қажет немесе құқық бұзушылық үшін жауап беруі керек субъектіні нақтылау керек. Егер, ЖШС байланыс операторының функцияларына ұқсас функцияларды орындайтын болса, онда мұндай субъектілерді осы бап бойынша жауапкершілікке тартылатындардың қатарына қосу үшін заңнаманы өзгерту қажет. Яғни, арнайы субъектіні жалпы субъект ретінде ауыстыру маңызды. Себебі, 2023 жылы қаралған 4-істе әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылған. Бұл құқық бұзушылықтың артуына және жауапкершіліктің қолданылмауына алып келеді.

ҚР ӘҚБтК-нің 637-бабының 10-бөлігі бойынша 8-іс Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Ақтау, Көкшетау, Шымкентте қаралған. Істер бойынша құқық бұзушы - «Востоктелеком», «КаР-Тел» ЖШС және «Қазақтелеком» АҚ. Уәкілетті орган Телекоммуникациялар комитетінің әр өңір бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы РММ» қатысқан.

2023 жылғы 11 қазанда Телекоммуникация комитетінің Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау облыстары бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы» РММ-не «Востоктелеком» ЖШС-і бір жыл ішінде 791-801/832-842 (МГц) диапазонында радиожилік спектрін пайдаланбайтыны туралы хат

келіп түскен. Комитет Маңғыстау облысының аумағында төртінші буындағы мобильді байланысты (4G) ұйымдастыру үшін «Востоктелеком» ЖШС-не №2 2021 жылғы 14 мамырдағы сәулелену жолағының ені 791-801/832-842 (МГц) диапазонында 10/10 (МГц) ҚР радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат берген. Берілген радиожилік спектрі 791-801/832-842 МГц-ті «Кселл» АҚ ұялы байланыс операторы пайдаланатыны, мониторинг (спектрограмма) нәтижелерімен және радиоэлектрондық құралдарды пайдаланудың басталғаны туралы хабарламамен расталған.

«Востоктелеком» ЖШС-і «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңының белгіленген талаптарына сәйкес, ұялы байланыс қызметтерін көрсетуге лицензиясы жоқ екендігін, сол арқылы ұялы байланыс операторы болып табылмайтындығын алға тартқан.

«Востоктелеком» ЖШС-і ҚР радиожилік спектріне рұқсат алған сәттен бастап, төртінші буындағы мобильді байланысқа (4G) ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы №4 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша, радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануды бастау немесе тоқтату туралы бірде-бір хабарламаны мемлекеттік органдарға хабарламаған. «МРҚ» ШЖҚ РМК 2023 жылғы 4 қазандағы №05-01-01/1842 ұсынған хатпен, бір жыл ішінде радиожилік спектрін пайдаланбағаны расталған [58]. Сот істі шешу кезінде, ӘҚБтК 765-бабының 1-бөлігіне сәйкес, «заңды түрде алынған нақты деректер, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша дәлелдемелер» болып табылатынын көрсеткен [15]. Осының негізінде, ӘҚБтК-нің 637-бабының 10-бөлігіне сәйкес, «радиожилік спектрін пайдалануға 1 ай мерзімге рұқсаттан айыру» жазасын қолданған. [15]

Осындай мазмұндағы №5213-24-00-3/1442 істі шешуде сот, ӘҚБтК мен Байланыс туралы заңнан бөлек, жиіліктер белдеулерін, радиожиліктерді (радиожилік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 34 бұйрығын басшылыққа алған.

ҚР Байланыс туралы заңының 12-бабы 8-1-тармағының 2 тармақшасына сәйкес, радиожилік спектрін пайдалануға рұқсаттың қолданылуы бір жыл ішінде радиожилік спектрін пайдаланбауға байланысты уәкілетті орган айқындаған тәртіппен тоқтатылатындығын көрсетілген. Сонымен қатар сот осы баптың 2 тармағын, «радиожилік спектрін бөліп беру Халықаралық электр байланыс одағының Радиобайланыс регламентіне сай, уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының радио қызметтері арасында барлық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдарға арналған 3 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі жиіліктер диапазонында жиілік белдеулерін бөлудің ұлттық кестесіне сәйкес» жүзеге асырылатынын көрсеткен. [11]

Жоғарыдағы ӘҚБтК-нің 637-бабының 10-бөлігі бойынша қаралған екі іс мазмұны жағынан ұқсас болғанымен, соттардың өз шешімдерін негіздеу тәсілдеріндегі айырмашылықтар бар екендігі анықталды. №5213-24-00-3/1442

істе сот қабылданған шешімнің айқындылығы мен ашықтығын қамтамасыз ететін заңнаманың баптары мен бұйрықтарға нақты сілтеме жасаған.

Ал, №4714-23-00-3/4054 ісінде сот ӘҚБтК-нің 637-бабының 10-бөлігіне, 765-бабына ғана сілтеме жасаған, ЖШС-тің іс-әрекетін ҚР Байланыс туралы заңына және басқа да министрліктердің бұйрықтарына сілтеме жасай отырып, құқықтық талдау жүргізбеген. Екі істе де әкімшілік жаза ретінде радиожилік спектрін пайдалануға 1 ай мерзімге рұқсаттан айыру жазасын қолданған, бірақ №5213-24-00-3/1442 ісінде сот радиожилік спектрін пайдалануға рұқсаттан айыру жазасын қолданған, уақыт мерзімін көрсетілмеген. Әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша сот қаулыларын талдау нәтижесінде соттардың нормативтік құқықтық актілерді қолдануындағы сәйкессіздіктің бар екені анықталды. Бірқатар істерде соттар министрліктердің бұйрықтары мен ережелері сияқты ақпараттандыру және байланыс мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасаса, басқа ұқсас істерде бұл актілер ескерілмеген. Мұндай сәйкессіздік заң алдындағы құқықтық сенімділік пен теңдік принциптерін бұзады. Нақты нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасалмаған істер, сот қорытындысының заңдылығы мен қисындылығы туралы сұрақтар тудыруы мүмкін. Бұл екі ұқсас істер бойынша соттардың негіздеуі екі түрлі екенін көрсетеді.

ӘҚБтК-нің 637-бабының 7-бөлігі бойынша 2020-2022 жылдар аралығында 7-іс тіркеліп, істердің барлығы апелляциялық сатыдағы сотта, тек бір іс бірінші сатыдағы сотта Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Ақтау, Шымкент қалаларында қаралған. Құқық бұзушылар «KEGOC» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company), «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Аксиком», «Байнур и П» ЖШС-і.

«Қаражанбасмұнай» АҚ № 4799-22-00-3а/262 ісінде, шығарылған қаулымен келіспей салынған айыппұл негізсіз екенін, қоғам ҚР байланыс саласындағы заңнамасының талаптарын бұзбағанын дәлелдей отырып, апелляциялық сот алқасына шағым түсірген. «Қаражанбасмұнай» АҚ байланыс операторы да, телекоммуникация желісінің, телекоммуникациялық жабдықтың иесі де емес екендігін, әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны заңсыз деп санап, оның күшін жоюды сұраған.

«Қаражанбасмұнай» АҚ-да ҚР «Байланыс туралы» заңының сақталуына тексеру жүргізілген. Қоғамды тексеру барысында, аталған заңның 15-бабына сәйкес, коммутациялық жабдық құрамында жедел-іздістіру бойынша техникалық құралдары жоқ екені, сондай-ақ байланыс объектілерінде бірлескен жұмыстар жүргізу туралы екі жақты келісім жасалмағаны анықталған. ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 19 маусымдағы №358 қаулысының 7-тармағы және 17-тармақтарына сәйкес, Ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесі және жабдық иесі бекіткен ЖІІ өткізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдықты пайдалануға беру актісі де болмаған. Сот апелляциялық шағымның дәлелдері бірінші сатыдағы әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша сот қаулысының күшін жою немесе өзгерту үшін негіз бола алмайды деп санаған. Өйткені, қоғамға Телекоммуникация комитетінің 22.02.2019 жылғы №R19000262 бұйрығы негізінде, (729-2) 473000-473999; 472000-472999 диапазонында Е-1 ағынына жалпыға ортақ пайдаланылатын

телекоммуникациялар желісіне қосылған 2000 нөмір мөлшерінде нөмірлік сыйымдылық бөлінген.

АҚ корпоративтік желінің иесі болып табылады, «Қазақтелеком» АҚ филиалының Батыс өңірлік телекоммуникация дирекциясының (24.11.2021 жылғы №18-08/10339) хатымен расталатын байланыс желісінің иелері ұғымына кірген. Осыған сәйкес, сот ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 19 маусымдағы қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын байланыс операторларының және (немесе) байланыс желілерінің иелерінің өз немесе тартылған қаражаты есебінен жедел-іздістіру, қарсы барлау іс-шараларын техникалық жүргізу үшін өздерінің телекоммуникациялық жабдықтарының функцияларын қамтамасыз ету қағидаларының ережелерін негізге ала отырып, сот алқасы Үкімет қаулысымен серіктестік әрекеттерінде ӘҚБтК-нің 637-бабының 7-бөлігінде жауапкершілік көзделген әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болуы туралы, бірінші сатыдағы соттың қорытындыларымен келіскен. Осыған байланысты барлық апелляциялық сатыдағы сот алқасы, осы баптың негізінде берілген апелляциялық шағымды қанағаттандырусыз қалдырған. [59]

ӘҚБтК-нің 637-бабының 2-бөлігіндегі істерге келетін болсақ, 2020, 2021, 2022 және 2024 жылдар аралығында Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Орал қалаларында 7-іс тіркеліп, оның 4-і бірінші сатыдағы сотта, 3-і апелляциялық сатыдағы сотта қаралған. Құқық бұзушы «Мобайл Телеком-Сервис», «КаР-Тел» ЖШС және «Қазпошта», «Қазақтелеком» АҚ әкімшілік жауаптылыққа тартылған.

Бірінші сатыдағы сотта қаралған барлық іс бойынша айыппұл салынған. Орал қаласында қаралған №2712-20-00-3/4858 «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС ісінде уәкілетті орган 2020 жылы 13 тамызда Байланыс туралы заңын сақтау бөлігінде, ЖШС қызметін тексеру арқылы пайдалы сигналдың нормаланатын шекті деңгейін, қабылданатын пайдалы сигналды, чиптің қабылданған энергиясын, дауыстық байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштерін, деректерді беру жылдамдығын бұзу түріндегі бірқатар бұзушылықтарды анықтаған. Тексеру «Pctel SeeGull Ib flex» сканерлеу қабылдағышы өлшеу кешенінің көмегімен Орал қаласы Деркөл кентінің құрамына кіретін Ветелки ауылының жоғарғы және орталық көшелерінде көрсетілетін қызметтердің сапасына жүргізілген. 2020 жылы 27 ақпанда Нұр-Сұлтан қаласы бойынша көрсетілетін қызметтері үшін ЖШС ӘҚБтК-нің 637-бабы бойынша қысқартылған тәртіппен әкімшілік жауапкершілікке тартылған, яғни бір мерзім ішінде әкімшілік құқық бұзушылықты қайталап жасаған. ЖШС өкілі инспекцияның дәлелдерімен келіспей, ӘҚБтК-нің 803-бабының талаптары бұзылғанын, қаулының қарар бөлігінде ӘҚБтК-нің 637-бабының 2-тармағы бойынша ЖШС жауаптылыққа тартылатыны көрсетілгенін келтірген. Бұдан бөлек, ЖШС бұрын Ветелки кенті кірмеген Орал қаласы бойынша қызмет көрсету туралы шарт жасасқанын, сондай-ақ, ЖШС өкілі істі сотпен қарау туралы құқықтары түсіндірілмегенін алға тартқан.

Инспекция әкімшілік хаттамада көрсетілген дәлелдер мен негіздерді растап, ЖШС-ке қатысты әкімшілік хаттама ӘҚБтК-нің 637-бабының 2-бөлігі бойынша қайталану белгісі бойынша жасалғанын көрсеткен. Қарар бөлігінде

ӘҚБТК-нің 637-бабының 2-тармағы оның заңгерлік білімінің болмауына байланысты қате көрсетілгенін, ӘҚБТК-нің 744-бабы бойынша ЖШС өкілінің құқықтары түсіндірілгенін және Ветелки ауылы әкімдік анықтамасына сәйкес, Орал қаласы Деркөл кентінің құрамына кіретінін дәлелдеген.

Сот құқық бұзушылық құрамының болуын 2020 жылғы 29 шілдедегі №12 тексеруді тағайындау туралы актімен, 2020 жылғы 13 тамыздағы тексеру нәтижелері туралы актімен, ұялы байланыс қызметтері сапасының техникалық параметрлерін өлшеу нәтижелері туралы есеппен, «Pctel SeeGull Ib flex» сканерлеуші қабылдағыш өлшеу кешенінің сәйкестік сертификатымен, 2020 жылғы 13 тамыздағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен және 2020 жылғы 27 ақпандағы ӘҚБТК-нің 637-бабы 1-бөлігі бойынша Нұр-Сұлтан қаласы бойынша әкімшілік хаттаманың көшірмесімен расталғанын басшылыққа алған. Құқық бұзушы үшін 200 а.е.к мөлшерінде, 555 600 теңге айыппұл салынған. [60]

«КаР-Тел» ЖШС-і ісінде даудың негізі белгіленген сапа стандарттарына сәйкес келмейтін Андреевка ауылында ұялы байланыс қызметтерін ұсыну болған. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама 2021 жылғы 16 тамызда жасалып, бір жыл ішінде қайта құқық бұзушылық жасаған. Андреевка ауылының аумағында пайдаланушылар байланыс сапасының төмендігіне шағымданған. «КаР-Тел» ЖШС өкілі Андреевка ауылы олардың 3G және 4G стандарттарында байланыс беру жөніндегі лицензиялық міндеттемелерінің аймағына кірмейтінін, берілген лицензияның шарттары бойынша елді мекенде жоғары жылдамдықты байланысты қамтамасыз етуге міндетті емес екенін мәлімдеген. Сот істің материалдарымен танысып, лицензия беру туралы шартта Андреевка ауылын 3G немесе 4G желісімен қамту туралы талап жоқ екенін анықтап, оператордың аумақта жоғары сапалы байланысты қамтамасыз ету бойынша міндеттемелері болмағанын анықтаған. Уәкілетті орган «КаР-Тел» ЖШС Андреевка ауылындағы байланыс сапасы қолданыстағы заңнама шеңберіндегі оператордың міндеттемелеріне сәйкес келмейтінін растайтын жеткілікті дәлелдер ұсынбаған. Сот осы негіздер бойынша құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты істі тоқтатқан. [61]

Уәкілетті органдардың іс бойынша ұсынған дәлелдемелері жеткіліксіз болғандықтан, құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты істі тоқтатуға негіз болған. Бұл уәкілетті органдардың материалдарды дайындау мен дәлелдемелерді жинаудың төмен деңгейін көрсетеді. ӘҚБТК-де электрондық дәлелдемелер туралы қарастырылмаған. Электрондық тәсілмен алынған дәлелдемелердің құқықтық сипаты туралы мақалада, цифрлық, дыбыстық және бейнежазба нысанында орындалған іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтер электрондық дәлелдемелер болып табылады [62]. АҚШ-та электронды (цифрлық) дәлелдемелер-электронды құрылғы сақтайтын, қабылдайтын немесе жіберетін ақпарат пен деректер. Автор мақаласында сандық ақпарат ретінде файлдар, журналдар, метадеректер немесе желілік деректер түрінде болатын компьютерлік немесе ақпараттық жүйе арқылы тануға, өңдеуге немесе сақтауға жарамды сандық форматта көрсетілетін деректерді ұсынған [63]. Сәйкесінше, электрондық дәлелдемелердің тізімін

және жинау әдістері заңнамалық тұрғыда бектітуді талап етеді деген қорытынды жасауға болады.

ӘҚБтК-нің 637-бабының 15-бөлігі бойынша істерге келетін болсақ, 2023-2024 жылдар аралығында Астана, Алматы, Шымкент қалаларында «Мобайл телеком-Сервис» ЖШС 17-ісі тіркелген. Істердің басым бөлігінде құқық бұзушылық азаматтардың ұялы байланыс қызметтерінің сапасыздығы туралы өтініші негізінде ЖШС-тің қызметіне жоспардан тыс тексеріс жүргізуі арқылы анықталған. №7528-24-00-3/22855, №7528-23-00-3/20302, №1954-23-00-3/3022, №7528-23-00-3/31419, №7528-23-00-3/26872, №7528-23-00-3/30306 істерінде «Мобайл телеком-Сервис» ЖШС ұялы байланыс қызметтерінің сапасыздығы туралы азаматтардың өтініші бойынша тексеруді тағайындау туралы актімен, тағайындалған жоспардан тыс тексеру нәтижелері бойынша анықталған.

Байланыс инспекциясының атына серіктестіктің ұялы байланыс қызметтерінің сапасыздығы туралы азаматтардың өтініштері түскен. ҚР Бас прокуратурасының «Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің басқармасы» ММ-де серіктестікке қатысты тексеру тағайындалған. Серіктестікке қатысты жоспардан тыс тексеру барысында, FTP серверінен деректерді жүктеудің сәтті сессиялары үлесінің көрсеткішінің бұзылуы анықталған. Жоспардан тыс тексеру барысында 3G технологиясындағы пайдалы сигналдың шуға қатынасының нормаланатын шекті мәнінің бұзылуы, 3G технологиясындағы қабылданған тірек сигналдар қуатының нормаланатын шекті мәнінің бұзылуы анықталған. Сондай-ақ Интернет желісіне қол жеткізу қызметтерінің сапа көрсеткіштерін талдау барысында мәндер үлесінің нормаланған параметрінің бұзылуы, серверден деректерді жүктеудің орташа жылдамдығының көрсеткіші тіркелген. Тексеру кезінде анықталған фактілер серіктестікке қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға негіз болған.

Сот істі шешу кезінде ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 22 қарашадағы №410 бұйрығын, Байланыс туралы заңның 35-бабын, ӘҚБтК-нің 637-бабының 15 бөлігін басшылыққа алған. ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 22 қарашадағы №410 бұйрығымен байланыс қызметтері сапасының көрсеткіштері бекітілген және оларға ұялы байланыс көрсеткіштері сәйкес келуі тиіс. Байланыс туралы заңның 35-бабына сәйкес, «байланыс операторлары пайдаланушыларға сапа бойынша стандарттау құжаттарына, техникалық нормаларға, байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштеріне, байланыс қызметтерін ұсыну шартының талаптарына сәйкес келетін байланыс қызметтерін ұсынуға міндетті. Телекоммуникация желілері мен құралдарының техникалық үйлесімділігін қамтамасыз ететін нормаларды, байланыс қызметтері сапасының көрсеткіштерін, тарифтеу бірліктерінің мөлшерін уәкілетті орган бекітеді». [11]

Құқық бұзушылық әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен, тексеруді тағайындау туралы актімен, тексеру нәтижелері бойынша актімен және серіктестіктің әкімшілік жауаптылықтың болуын және құқық бұзушылық жасау фактісін анықтау үшін жеткілікті болып табылатын басқа да іс материалдарымен анықталып, дәлелденген. Сот осы мән-жайларды ескере

отырып, «Мобайл Телеком-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 345 000 - 20 700 000 теңге аралығында әкімшілік айыппұл салған.

Жалпы қорыта келе, ӘҚБтК-нің 637-бабы бойынша сот практикасына құқықтық талдау жүргізу арқылы, бірқатар мәселелердің бар екені анықталды. Біріншіден, осы саладағы құқық бұзушылық субъектілері аясын кеңейту қажет. Бұл байланыс операторлары болып табылмайтын субъектілердің радиожиілік спектрін қолдануы арқылы туындаған құқық бұзушылықтар себеп. Байланыс операторлары болып табылмайтын субъектілердің байланыс операторының функцияларына ұқсас функцияларды орындайтын болса, онда мұндай субъектілерді осы бап бойынша жауапкершілікке тартылатындардың қатарына қосу үшін заңнаманы өзгерту қажет. Арнайы субъектіні жалпы субъект ретінде ауыстыру керек, өйткені істерде субъекті арнайы субъект болмауына байланысты тоқтаған. Бұл құқық бұзушылардың заңды жауапкершілікке тартылуына жол берілмеуіне алып келіп жатыр.

Екіншіден, ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтың негізгі мәселелерінің бірі уәкілетті органдар ұсынатын дәлелдемелік базаның жеткіліксіздігі болып табылады. Қаралған әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша сот қаулыларында құқық бұзушылық белгілерінің анықталмауына байланысты іс жүргізуді тоқтату жағдайлары жиі кездеседі. Телекоммуникациялар комитетінің әр өңір бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы жоспардан тыс тексеру нәтижесінде ұсынған дәлелдемелерінің жеткіліксіз, құқық бұзушылықты жеткілікті түрде дәлелдей алмауына байланысты соттардың істерді тоқтатуы болған. Бірқатар істерде уәкілетті орган құқық бұзушылықтың құрамын дәлелдеу үшін жеткілікті дәлелдемелер ұсына алмаған. Бұл уәкілетті органдардың материалдарды дайындау мен дәлелдемелерді жинаудың төмен деңгейін көрсетеді. Осы мәселені шешу үшін ӘҚБтК-ке электрондық дәлелдемелер ұғымын енгізу арқылы, істер бойынша дәлелдемелік базаны жетілдіріп, құқық қолдану практикасын арттыруға болады.

Үшіншіден, жоғарыдағы соттар қараған істерде мазмұны жағынан ұқсас болғанымен, соттардың өз шешімдерін негіздеу тәсілдеріндегі айырмашылықтар бар екендігі анықталды. Бұл заңнаманы қолданудағы сәйкессіздікті, сондай-ақ сот практикасында бірыңғай стандарттардың жоқтығын көрсетіп отыр. Бұл мәселені шешу үшін Жоғарғы Соттың ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнамаларды қолдану жөніндегі кейбір өзекті мәселелер туралы қаулы қабылдауы қажет [31, 87 б]. Бұл жағдай құқықтық саладағы келіспеушіліктердің алдын алуға және құқықтық реттеуді нақтылауға септігін тигізеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы диссертациялық жұмыс әкімшілік-құқықтық жауапкершілік мәселелерін теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты талдауға, сот практикасы негізінде құқық қолдану тәжірибесіндегі негізгі кемшіліктерді айқындауға, сондай-ақ шетелдік тәжірибе мен халықаралық ұйымдардың ұсынымдарына сүйене отырып, ұлттық заңнаманы жетілдіру жөнінде нақты ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасындағы ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің теориялық және практикалық аспектілері жан-жақты қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде құқық теориясындағы, құқық қолдану тәжірибесіндегі және қолданыстағы заңнамалық базадағы бірқатар өзекті мәселелер анықталып, оларды шешуге бағытталған ғылыми негізделген ұсынымдар әзірленді.

Диссертацияның бірінші тарауында ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің мазмұны мен ерекшеліктері, әкімшілік құқық бұзушылық құрамының құрылымы, әкімшілік жауапкершілікке тартудың құқықтық негіздері және халықаралық озық тәжірибе жан-жақты қарастырылды. Тарау аясында әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің негізгі аспектілері айқындалды. Атап айтқанда, бұл саладағы технологиялық ерекшеліктер, әкімшілік және ақпараттық құқықтың пәнаралық сипаты, нормалардың бланкеттік құрылымы мен күрделі терминологиялық өзектілігі көрсетілді. Әкімшілік құқық пен ақпараттық құқық арасындағы пәнаралық байланыс уәкілетті органдар мен соттардан осы екі саланы терең әрі кешенді түрде меңгеруді талап етеді. Сонымен қатар, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 31-тарауындағы нормалардың бланкеттік сипаты соттар мен уәкілетті органдардың істерді қарау барысында әртүрлі нормативтік-құқықтық актілер мен техникалық стандарттарға жүгіну қажеттілігін туындатады. Бірінші тарауда ақпараттық құқық саласын жетілдіруге бағытталған теориялық тұжырымдар мен анықтамалар ұсынылды. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың құрамына қатысты құқықтық талдау жүргізіліп, жаңа түсініктер енгізу және құқық бұзушылық құрамдарын қайта жіктеу жөнінде ұсыныстар берілді.

Сонымен қатар, ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті жетілдіру мақсатында шетелдік тәжірибеге және халықаралық ұйымдардың зерттеулеріне негізделген салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізілді. Аталған тарауда Халықаралық электр байланысы одағы (ITU), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) сынды халықаралық ұйымдардың ұсынымдары талданды. Бұл ұсынымдар Қазақстан Республикасының ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнамасын жетілдіру қажеттілігін айқындайды. Атап айтқанда, Халықаралық электр байланысы одағы еліміздің ақпараттық-коммуникациялық технологияларын,

цифрлық орнықтылығын, мемлекеттік саясат пен реттеу шараларын бағалауға бағытталған есебінде, Қазақстанның нормативтік-құқықтық базасын жетілдіруге қатысты бірқатар ұсыныстар білдірген. ЭЫДҰ ұсынған есепте «Байланыс туралы» заңның, әсіресе оның 15-бабының талаптары нарыққа жаңадан кіретін қатысушылар үшін шамадан тыс қатаң екендігі және бұл талаптар телекоммуникация саласындағы монополиялық жағдайлардың қалыптасуына ықпал ететіні көрсетілген. Ұйым өз ұсынымдарында елде тәуелсіз реттеуші орган құру қажеттігін атап өтіп, бұл органның құқықтары мен міндеттері «Байланыс туралы» заңда нақты көрсетілуі тиіс екенін алға тартты. Сонымен қатар, оның қызметіне Үкіметтің немесе ірі байланыс компаниялардың араласуынан құқықтық тұрғыда қорғалуы қажет екенін ерекше көрсеткен. ЭЫДҰ ұсынымдарына сәйкес, мұндай тәжірибені еліміздің құқықтық жүйесіне енгізу – байланыс нарығында жаңа операторлардың пайда болуына қолайлы жағдай жасауға, сондай-ақ қолданыстағы нормативтік талаптарды оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Алдыңғы қатарлы мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан Республикасының ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнамасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру теория мен практикада туындап отырған өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Халықаралық ұйымдардың еліміздің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру бойынша берген ұсынымдары негізінде ақпараттандыру және байланыс туралы заңнамаға жаңа технологияларды құқықтық реттеуге арналған ұғымдарды енгізу, ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етуге бағытталған нормаларды қабылдау, сондай-ақ байланыс нарығындағы жаңа қатысушылардың ірі операторлармен тең құқықты қатынастарын бекітетін құқықтық тетіктерді енгізу қажеттілігі туындайды. Мұндай шаралар ақпараттық-құқықтық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу механизмдерін қалыптастыруға негіз болады. Сонымен қатар, табиғи және техногендік апаттардың салдарын жою және төтенше жағдайларда көмек көрсету жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты күшейту мақсатында Қазақстанның Тампере конвенциясына қосылу мүмкіндігі қарастырылды. Аталған конвенция төтенше жағдай кезінде телекоммуникациялық ресурстарды жедел және тиімді түрде пайдалану үшін халықаралық-құқықтық негіз береді. Жалпы алғанда, халықаралық озық тәжірибені, соның ішінде халықаралық ұйымдардың ұсынымдарын ұлттық заңнамаға енгізу – әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік түрлерін жетілдірудің, байланыс саласында тәуелсіз реттеуші орган құрудың, сондай-ақ соттардың құқық қолдану практикасын жүйелеудің және тиімділігін арттырудың тиімді жолы ретінде қарастырылады.

Диссертацияның екінші тарауында ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау мәселелері мен әкімшілік іс жүргізудің ерекшеліктері, сондай-ақ әкімшілік істер бойынша сот практикасына жүргізілген құқықтық талдау қарастырылды. Бұл тарауда, атап айтқанда, құқық бұзушылықтарды анықтау әдістері, істерді қарайтын соттар мен уәкілетті органдардың құзыреті, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әкімшілік

құқық бұзушылық туралы кодексіне (ӘҚБТК) сәйкес құқық бұзушылықтардың қандай түрлері соттардың және уәкілетті органдардың қарауына жататыны сараланды. Сонымен қатар, істерді қарау кезінде тікелей өзара әрекет ететін мемлекеттік органдардың құзыреті мен өзара іс-қимыл тәртібі, сондай-ақ қазіргі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен жасалып жатқан құқық бұзушылықтардың ерекшеліктері жан-жақты зерттелді. Соттардың ақпараттандыру және байланыс саласындағы істерді қарау құзыретінің шектеулілігі, сондай-ақ бұл санаттағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жиілеуі әкімшілік жаза қолданудың құқықтық әсерінің төмен болуына алып келуде. Осыған байланысты, әкімшілік ықпал ету шараларын күшейту, құқық бұзушылық құрамдарын нақтылау және жаза тағайындаудың тиімділігін арттыру бағытында бірқатар нормативтік ұсыныстар әзірленді.

Уәкілетті органдардың әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін негізінен айыппұл түріндегі жаза қолдануы, әсіресе жылдық табысы бірнеше миллиардқа жететін ірі байланыс операторларына құқықтық ықпал ету деңгейінің төмен екенін көрсетеді. Сондықтан уәкілетті органдардың айыппұлдан тыс, әкімшілік жаза түрлерін кеңейту қажеттігі туындайды. Оларға рұқсаттан айыру, оның қолданылуын тоқтата тұру, тізілімнен шығару, қызметті немесе оның жеке түрлерін тоқтата тұру және тыйым салу сияқты әкімшілік жаза түрлерін енгізу ұсынылады. Сонымен қатар, уәкілетті органдардың қызметінің ашықтығы мен есептілігі елімізде толық қалыптаспаған. Құқық қолдану практикасын талдау соттардың осы саладағы құқық қолдану үрдістері мен бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Дегенмен, уәкілетті органдардың қызметі негізінен есеп беру түрінде, яғни статистикалық мәліметтермен ғана шектелген. Теориялық бөлімде атап өтілген уәкілетті органдардың ашықтығы мен есептілігі мәселесі практикада жеткілікті түрде көрініс таппай, олардың қызметінің ашықтығы мен есептілігі туралы нақты ақпараттың жетіспеушілігі байқалады. Бұл өз кезегінде құқық қолдану тиімділігі мен заңдылықты қамтамасыз етуде кедергілер туғызады.

Тарауда ҚР ӘҚБТК 31-тарауындағы құқық бұзушылықтар бойынша 2020-2024 жылдар аралығында еліміз аумағында қаралған 53 әкімшілік іске құқықтық талдау жасалды. Соттар негізінен 637-баптың 8, 9, 10-бөліктері, сондай-ақ 1-бөлігінің 12 және 13-тармақтары, 2, 7, 15-бөліктері бойынша істерді қараған. ӘҚБТК-нің 637-бабы бойынша соттардың қарауында болған құқық бұзушылықтарға құқықтық талдау жүргізу нәтижесінде бірқатар өзекті мәселелер анықталды. Сот практикасына құқықтық талдау жасау соттардың ақпараттандыру және байланыс саласындағы істерді қарау ерекшеліктері мен әдістемелерін айқындауға мүмкіндік берді. Бұл зерттеу еліміздегі құқық қолдану тәжірибесіндегі мәселелерді айқындап, әкімшілік істерді шешуде жаңа ұсыныстар енгізуге негіз болды. Сонымен қатар, соттардың істерді қарау барысында әртүрлі нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алуы немесе кейбір қаулыларда жеткілікті негіздеменің болмауы сияқты мәселелер олардың құқық қолданудағы көзқарастарын біріздендіру қажеттігін көрсетті. Зерттеу барысында ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтарға байланысты әкімшілік-құқықтық жауапкершілік мәселелері жан-жақты

қарастырылып, сот практикасы сарапталды. Сонымен қатар, осы саладағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған ұсыныстар дайындалып, диссертацияның бастапқыда қойылған негізгі мақсаттары толықтай орындалды. Нәтижесінде келесі негізгі тұжырымдар мен ұсыныстар жасалды:

1) Ақпараттық құқық саласы еліміз үшін жаңа құқық саласы болып табылатыны және осы саладағы зерттеулердің аздығына байланысты, отандық және шетелдік авторлардың анықтамаларының қорытындысы негізінде «ақпараттық қоғам», «ақпараттық құқық», «ақпараттық құқық бұзушылықтар» ұғымдарына авторлық анықтамалар мен тұжырымдар ұсынылды. Бұл ақпараттандыру саласының теориялық негіздерін дамытуға және құқық қолдану практикасын жетілдіруге ықпал етеді.

2) Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің (ӘҚБтК) ғылыми-практикалық түсініктемесіне сәйкес, құқық бұзушылық құрамдары талданып, ӘҚБтК-нің 637-бабының 1-бөлігінің 11, 17 тармақшалары, сондай-ақ 11 және 14-бөліктеріндегі құқық бұзушылықтарға түсініктер ұсынылды. Алайда, ӘҚБтК 637-бабының 1-бөлігіндегі құқық бұзушылық құрамы қайта қарауды талап етеді, себебі бұл баптағы құқық бұзушылықтар өте ауқымды және 17 құқық бұзушылық түріне тек әкімшілік айыппұл түріндегі жаза қарастырылған.

3) Шетелдік тәжірибеге сәйкес, ҚР Байланыс туралы заңның 35 және 36-баптарында байланыс қызметтерін пайдаланушылардың құқықтары нақты көрсетілмеген. Сондықтан байланыс қызметтерін пайдаланушылардың нақты құқықтарын енгізу, сондай-ақ ӘҚБтК 637-бабына осы құқықтардың бұзылуы жағдайындағы әкімшілік жауапкершілікті қарастыру ұсынылды. Сонымен қатар, заңға байланыс операторларының қызметінің ашықтығы, тарифтер мен дербес деректерді өңдеу саясаты туралы ақпаратты ашық ұсыну нормаларын енгізу қажет. ҚР Ақпараттандыру туралы заңында ерекше қажеттіліктері бар пайдаланушыларға мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне қол жеткізу мүмкіндігі қарастырылған. Осы тәжірибені «Байланыс туралы» заңға енгізу арқылы тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту ұсынылды. Бұған қоса, ақпараттандыру саласындағы органдардың қауіпсіздік шаралары мен олардың нәтижелері туралы ашық есеп беруді міндеттейтін нормаларды енгізу заңнаманың ашықтығын қамтамасыз етіп, ӘҚБтК 641-бабындағы құқық бұзушылықтардың азаюына және қоғам сенімінің артуына ықпал етеді. Заңға сонымен бірге қоғамның ақпараттандыру саласындағы маңызды шешімдер қабылдауға қатысуын қамтамасыз ететін норманы қосу қажет.

4) Халықаралық электр байланысы одағының есебіне сәйкес, Қазақстанға төтенше жағдайларда апаттардың салдарын жеңілдету, байланыс сапасын жақсарту және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында телекоммуникациялық ресурстарды беру жөніндегі Тампере конвенциясына қосылу ұсынылады.

5) ҚР Байланыс туралы заңның 15-бабының талаптарын нарықтың жаңа қатысушылары үшін жеңілдету ұсынылады. Бұл әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға және нарықтағы жаңа қатысушылардың бәсекелестігін арттыруға ықпал етеді. ЭЫДҰ зерттеулері мен сот практикасы

аталмыш баптың нарықтың жаңа қатысушылары үшін тым қатаң екенін және нарықта монополиялардың пайда болуын дәлелдеді.

6) Байланыс саласындағы ЭЫДҰ ұсынған тәуелсіз реттеуші органды елімізде құру қажет. «Байланыс туралы» заңда оның құқықтары мен міндеттерін нақты көрсетіп, орган қызметін Үкімет пен ірі байланыс компанияларының ықпалынан қорғау үшін құқықтық нормалар енгізу керек. Бұл орган инфрақұрылымға қолжетімділікті реттеу, тарифтерді белгілеу, байланыс операторларын лицензиялау және бәсекелестікті бақылау функцияларын жүзеге асырып, әкімшілік жаза қолдануды жетілдіруге мүмкіндік береді.

7) Соттардың құқық бұзушылықтарды қарау құзыретінің төмендігі, әкімшілік құқық бұзушылықтардың артуы және әкімшілік жаза тағайындау жүйесінің құқықтық ықпал ету күшінің әлсіздігі әкімшілік жаза қолдану бөлігін жетілдіру қажеттігін туғызады. Осыған байланысты уәкілетті органдарға айыппұлдан басқа, рұқсаттан айыру, оның қолданылуын тоқтата тұру, тізілімнен шығару, қызметті немесе оның жеке түрлерін тоқтата тұру немесе тыйым салу сияқты жаза түрлерін қолдану мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

8) Әкімшілік құқық бұзушылықтар субъектілері – арнайы субъектілер, яғни байланыс операторлары болып табылатынын ескере отырып, құқық бұзушылық субъектісін жалпы субъект ретінде ауыстыру қажет. Себебі құқық бұзушылардың басым бөлігі байланыс операторы болып табылмай, бұл істердің тоқтатылуына әкелуде. Егер байланыс операторы болмағанымен, субъектілер байланыс операторының функцияларына ұқсас қызметтерді атқарса, оларды ӘҚБтК-нің 637-бабы бойынша жауапкершілікке тарту немесе жалпы субъектілер қатарына қосу ұсынылады.

Жалпы, диссертациялық зерттеудің нәтижелері Қазақстан Республикасының ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнамаларын жаңа нормалармен толықтыруда, сондай-ақ осы саладағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті қатаңдатуға бағытталған заңнамалық реформаларды жетілдіруде қолданылуы мүмкін.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтарға қатысты әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің талдауы осы саланың ғылыми негіздерін тереңірек түсінуге және оның болашақ даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеудің теориялық маңыздылығы - әкімшілік-құқықтық жауапкершілік институтын ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтардың ерекшеліктері аясында жан-жақты талдауда жатыр. Осы саладағы құқық бұзушылықтардың құрамына ғылыми-практикалық түсініктемелер беріліп, жаңа түсіндірмелер ұсынылды. Бұл әкімшілік құқық жүйесіндегі ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтардың айрықша белгілерін айқындап, олардың жүйедегі орны мен рөлін дәлірек анықтауға септігін тигізді.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке арналған зерттеу жұмысы тәжірибелік маңызға ие. Сот практикасын талдау нәтижесінде байланыс операторларының ақпараттандыру саласындағы құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілігін реттейтін құқықтық негіздердің жеткіліксіздігі анықталды. Әкімшілік

жауапкершіліктің субъективті құрамын қайта қарау қажеттігі теориялық және практикалық тұрғыдан зерттеудің басты қорытындысына айналды. Зерттеуде ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік жауапкершілік контекстінде құқықтық нормалар мен олардың қолдану әдістерін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру ұсынылды. Ұлттық заңнаманың халықаралық талаптарға сәйкес келмеуі және олқылықтары ерекше атап өтілді. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен сот практикасын талдау бірқатар жедел шешімді қажет ететін мәселелерді көрсетті.

Сот практикасына талдау жүргізу арқылы ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың құрамын нақтылау қажеттігі туралы қорытынды жасалды. Бұл құқық бұзушылықтардың субъектілерін және олардың жауапкершілігін айқын белгілеуге, сондай-ақ санкциялардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беріп, заңнаманың орындалуын қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Зерттеу барысында сот практикасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленіп, құқық қолдану саласындағы ашықтық пен сенімділікті арттыруға бағытталды.

Диссертациялық зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы оның нәтижелері ҚР Ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнамасын жетілдіру үшін, ӘҚБтК жауапкершілік институты мен құқық қолдану практикасын жетілдіруде пайдаланылуы мүмкін. Зерттеу нәтижесі құқық қолдану тиімділігін арттырып қана қоймай, қоғам өмірінің барлық саласындағы цифрлық технологияларды дамыту мен ел экономикасын жақсартуға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Кафтан В.В. Философия современного информационного общества // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Философские науки. 2017. № 2. С. 39-47. DOI: 10.18384/2310-7227-2017-2-39-47
2. Tleubekova Kamilla Adil-Aibekovna; Serim, Gaini Omirzakovna. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің түсінігі мен ерекшеліктері. SDU University Bulletin: Social Sciences, [S.l.], v. 64, n. 4, p. 74 - 93, mar. 2024. ISSN 2709-2410. Available at: <https://journals.sdu.edu.kz/index.php/ss/article/view/1138> Date accessed: 26 mar. 2025. doi: <https://doi.org/10.47344/sdubss.v64i4.1138> .
3. СТРАТЕГИЯ сотрудничества государств – участников СНГ в построении и развитии информационного общества на период до 2025 года // https://www.rcc.org.ru/netcat_files/userfiles/Strategiya_SNG-InfObschestvo-2025.pdf
4. А.К.Костылев. ИНФОРМАЦИОННОЕ ПРАВО: учебное пособие. 3-е изд., перераб. и доп. Тюмень: Издательство Тюменского государственного университета, 2010. 244 с.
5. Информационное право, Бачило И.Л., Лопатин В.Н., Федотов М.А., 2001.
6. Алдабергенова А.И. Информационное и цифровое право. Учебно-методическое пособие. Костанай: КРУ им.А.Байтурсынова, 2022. - 90 с.
7. Жатқанбаева А.Е. Информационное право: учебное пособие / А.Е.Жатқанбаева. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 150 с.
8. Ковалева Н.Н. Информационное право России: Учебное пособие. — М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2007. — 360 с.
9. Информационное право : учебник для бакалавриата, специалитета и магистратуры / под редакцией М. А. Федотова. — Москва : Издательство Юрайт, 2019. - 497 с. — (Бакалавр. Специалист. Магистр). — Текст : непосредственный
10. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V Ақпараттандыру туралы заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418>
11. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі № 567 Байланыс туралы заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000567>
12. Комаров С.А., Мицкая Е.В. Правовое регулирование обеспечения информационной безопасности и защиты персональных данных: монография [Текст] /Под ред. С.А. Комарова. – СПб.: Издательство Юридического института (Санкт- Петербург), 2018. – 168 с]
13. Городов О. А. Информационное право : учебник для бакалавров. — 2-е изд. — Москва : Проспект, 2019. — 304 с.
14. Амелин Р. В. Информационное право в схемах : учебное пособие / Р. В. Амелин, С. А. Куликова, С. Е. Чанов; отв. ред. С. Е. Чанов. — Москва : Проспект, 2016. — 128 с.
15. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>
16. Административное право Республики Казахстан: учеб. пособие / Д.А. Оспанова, Д.О. Кусаинов. - Алматы: Қазақ университеті 2017.-192 с.

17. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының «Qamqor» Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикасы // <https://qamqor.gov.kz/crimestat/indicators/administrative>
18. 1-ӨІ - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің жинағы // https://qamqor.gov.kz/crimestat//files/2024/12/19/202412_1AD_01200_kz.xlsx
19. Правовые механизмы разрешения административных правонарушений в сфере информационных технологий: монография / Д.В. Иванов. – Москва: Университет «Синергия», 2021. – 74 с. – DOI: 10.37791/978-5-4257-0513-6-2021-1-74 // https://elibrary.ru/download/elibrary_44727674_42656533.pdf.
20. Дубень А.К. — Актуальные проблемы административной ответственности в сфере обеспечения информационной безопасности // NB:Административное право и практика администрирования. – 2022. – № 4. DOI: 10.7256/2306-9945.2022.4.38792 EDN:SGNCJO URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=38792
21. Симаков А. В. Вопросы административных правонарушений в сфере связи и информации // <https://aeterna-ufa.ru/sbornik/NK-384.pdf#page=122>
22. Безручко Е.В., Рысай Б.Г. Некоторые проблемы административной ответственности. 2020 // <https://drive.google.com/file/d/1y9iUgSQ1WkbgKwyiZENN4FEIXNSijQRM/view?usp=sharing>
23. Административное право Республики Казахстан: учеб. пособие / Д.А. Оспанова, Д.О. Кусаинов. - Алматы: Қазақ университеті 2017.-192 с.
24. Административное право : учебник / под общ. ред. А. С. Телегина; Пермский государственный национальный исследовательский университет. – Пермь, 2020. – 340 с.
25. Байсалова Г.Т. Специфика административной ответственности в системе юридической ответственности // KazNU Bulletin. Law series. No4 (76). 2015.
26. Бахрах Д. Н., Российский Б. В., Стариков Ю. Н. Административное право: Учебник для вузов. — 2-е изд., изм. и доп. — М.: Норма, 2005. — 800 с.
27. Административное право: учебный курс / под ред. Р.А.Подопригоры. – Алматы: Налоговый эксперт, 2010. – 368 с.
28. Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 9 сәуірдегі Пошта туралы заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000498>
29. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 220/НҚ Байланыс операторларының абоненттері және (немесе) байланыс қызметтерінің пайдаланушылары туралы қызметтік ақпаратты жинауды және сақтауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033007>
30. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000370>
31. Тлеубекова Камилла Адил-Айбековна, & Серім Ғайни Өмірзаққызы. (2024). Ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін

әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті жүзеге асырудағы салыстырмалы-құқықтық талдау: шетелдік үздік тәжірибе. Research Retrieval and Academic Letters, (5). Retrieved from <https://ojs.scipub.de/index.php/RRAL/article/view/3181>

32. The Communications Act of 1934 // <https://transition.fcc.gov/Reports/1934new.pdf>

33. Минцифры: в 1424 селах Казахстана нет мобильного интернета // <https://digitalbusiness.kz/2024-06-18/mintsifri-v-1424-selah-kazahstana-net-mobilnogo-interneta/>

34. Отчет: «Укрепление доверия и безопасности при использовании ИКТ в странах СНГ» Декабрь 2016 // <https://www.itu.int/en/ITU-D/Regional-Presence/CIS/Documents/Events/Regional%20Initiatives/RI5%20confidence%20in%20ICT/Report%20on%20Building%20confidence%20and%20security%20in%20the%20use%20of%20ICTs%20in%20the%20CIS.pdf>

35. Legal Aspects of Conformity and Interoperability “Legal, Policy and Regulatory Aspects of C&I” 15th to 19th November, 2021 // <https://www.itu.int/en/ITU-D/Regional-Presence/Africa/Documents/2021/C%26I/C%20and%20I%202021%20-%20Legal%20Aspects%20of%20CI%20Presentation%20ITU%202021.pdf>

36. Gesetz über das Bundesamt für Sicherheit in der Informationstechnik // https://www.gesetze-im-internet.de/bsig_2009/index.html#BJNR282110009BJNE000206125

37. Л.С.Михайлова, О текущих тенденциях развития административно-правового института безопасности в сфере информации // <https://cyberleninka.ru/article/n/o-tekuschih-tendentsiyah-razvitiya-administrativno-pravovogo-instituta-bezopasnosti-v-sfere-informatsii/viewer>

38. Муслимов Ш.Р. Законодательство Кыргызстана об информатизации: состояние и актуальные проблемы совершенствования // <https://cyberleninka.ru/article/n/o-napravleniyah-sovershenstvovaniya-informatsionnogo-zakonodatelstva-kyrgyzstana/viewer>

39. Казахстан: оценка данных информационно-коммуникационные технологии, цифровой устойчивости, мер политики и регулирования // <https://www.itu.int/en/ITU-D/Regional-Presence/CIS/Documents/Documents/C2R%20Assessment%20Report%20Kazakhstan.pdf>

40. Паводки повлияли на работу операторов связи в четырех областях Казахстана // <https://tass.ru/obschestvo/20504479>

41. OECD (2023), Улучшение рамочных условий для цифровой трансформации бизнеса в Казахстане, OECD Publishing, Paris, <https://doi.org/10.1787/6b6e7aa8-ru>

42. Telekommunikationsgesetz (Deutschland) // https://www.gesetze-im-internet.de/tkg_2021/TKG.pdf

43. Порядок присвоения (назначения) радиочастот или радиочастотных каналов // <https://digital.gov.ru/uploaded/files/prilozhenie-1-k-resheniyu-gkrch-16-39-01-poryadok.pdf>

44. «Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G1900000189>

45. «Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G1900000169>

46. Как МЦРИАП контролирует операторов связи: результаты проверок в 2023 году // <https://optimism.kz/2023/12/21/kak-mczriap-kontroliruet-operatorov-svyazi-rezultaty-proverok-v-2023-godu/>

47. Информация о результатах проверок, проведенных государственным органом и его территориальными органами, а также результатах проверок, проведенных в государственном органе и его территориальных органах с учетом ограничений, установленных законами Республики Казахстан// https://www.gov.kz/memleket/entities/infsecurity/press/article/details/95412?directionId=_796&lang=kk

48.№ 7199-23-00-3a/202. (2023). <https://office.sud.kz/courtActs/document.xhtml>

49. Global Cybersecurity Index. (2020). https://www.itu.int/dms_pub/itu-d/opb/str/D-STR-GCI.01-2021-PDF-E.pdf

50. Кибербезопасность по фактам: все что нужно знать про киберпреступность и кибершпионаж (2023) года в Казахстане. <https://sts.kz/2024/01/08/kiberbezopasnost-po-faktam-vse-cto-nuzhno-znat-pro-kiberprestupnost-i-kibershpiionazh-2023-goda-v-kazahstane/>

51. Актуальные киберугрозы в странах СНГ (2023—2024). <https://www.ptsecurity.com/ru-ru/research/analytics/aktualnye-kiberugrozy-v-stranah-sng-2023-2024/#id1>

52. МЦРИАП и КНБ анализируют материалы после сообщения об атаке китайских хакеров на Казахстан // <https://kaztag.kz/ru/news/mtsriap-i-knb-analiziruyut-materialy-posle-soobshcheniya-ob-atake-kitayskikh-khakerov-na-kazakhstan>

53. Вопросы обеспечения кибербезопасности. Рекомендации. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/press/article/details/147792?lang=ru>

54. Жетписбаев Б.А., Жанибеков А.К., Кусаинов Д.О. (2017). Правовые основы административного процесса в Республике Казахстан: Учебное пособие – Алматы. <https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/103441/1/12/0/>

55. Сотовых операторов оштрафовали на 140 млн за некачественную связь в ЗКО // <https://www.zakon.kz/proisshestiia/6409077-sotovykh-operatorov-oshtrafovali-na-140-mln-za-nekachestvennyuyu-svyaz-v-zko.html>

56. Доходы от услуг связи в Казахстане в январе-мае 2023 года // <https://profit.kz/news/64759/Dohodi-ot-uslug-svyazi-v-Kazahstane-v-yanvare-mae-2023-goda/>

57. Бюро национальной статистики Республики Казахстан. Развитие статистики связи за январь-апрель 2023 года //

<https://stat.gov.kz/upload/iblock/063/ihfq6pyoir4q57cbrjatxvqvhlpc2sr/%D0%A0%D0%B0%D0%B7%D0%B2%D0%B8%D1%82%D0%B8%D0%B5%20%D1%81%D0%B2%D1%8F%D0%B7%D0%B8%D1%80%D1%83%D1%81.pdf>

58. №4714-23-00-3/4054- әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша сот қаулысы // <https://office.sud.kz/courtActs/document.xhtml>

59. №4799-22-00-3a/262- әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша сот қаулысы // <https://office.sud.kz/courtActs/document.xhtml>

60. №2712-20-00-3/4858- әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша сот қаулысы // <https://office.sud.kz/courtActs/document.xhtml>

61. № 3/26308-2021-әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша сот қаулысы // <https://office.sud.kz/courtActs/document.xhtml>

62. Правовая природа доказательств, полученных электронным способом. (Акишева Г.М., судья Темиртауского городского суда) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32303047&pos=4;-109#pos=4;-109

63. Цифровые (электронные) доказательства в уголовном судопроизводстве. Антонина Владимировна Черецких // https://xn--74-6kcik0b0aabedif4s.xn--p1ai/files/content/39/LEGAL_ORDER_2023_4_110-117.pdf